

TÜRK BİRLİĞİ

Mart - Haziran (2) (27) 2024




**Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев:**

-Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы...

Судың шарапатын сезінеміз деп отырғанда кенеттен тасқынға айналып, көшелерімізді, үйлерімізді басып қалғанымен қоймай, бізді жақын жандарымыздан айырғаны қатты ауыр тиді...

Suyun rahmetini beklerken, aniden gelen sel, evlerimizi, sokaklarımızı ve en önemlisi sevdiklerimizi bizden kopardı...

**ЗАРДАП ШЕККЕН АЙМАҚТАРҒА,
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АХЫСКА
ТҮРІКТЕРІ ОДАҒЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫ ЗИЯТДИН КАСАНОВ
ӨЗ АТЫНАН 200 МИЛЛИОН
ТЕҢГЕ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК
КӨРСЕТТІ**



Апартаменты у Мраморного моря...



azur
Marmara

Переосмысление роскоши...



 @azur_marmara

+7 (727) 239 99 99

 BATIBEYLER YAPI A.Ş.
 Exclusive YAPI A.Ş.
 TUTUNCU YAPI A.Ş.

www.azurmarmara.com



Учредитель:

Зиятдин Касанов –
председатель Всемирной
ассоциации турок-ахыска

Главный редактор:

Ровшан Мамедоглы

Заместитель

главного редактора:

Ахмет Атак

Редактор:

Джина Такишева

Корреспонденты:

Осман Месут

Лорик Халилов

Зулейха Асланова

Рефика Мухаммедгиль

Дизайн:

Данияр Утегенов

Derginin kurucusu:

Ziyaeddin Kassanov –
Dünya Ahıska Türkleri Birliği
Genel Başkanı

Genel Yayın Yönetmeni:

Rövşen Memmedoğlu

Yazı İşleri Müdürü:

Ahmet Atak

Editör:

Dzhına Takışeva

Muhabirler:

Osman Mesut

Lorik Halilov

Zuleyha Aslanova

Refika Muhammedgil

Dizayn:

Daniyar Utegenov

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания
и информационного агентства

№ 15376-Ж 27.05.2015, г. Астана

Телефоны: +7 (727) 3572410,

+7 (727) 3572415.

+7 701 745 4749

www.ahiska-gazeta.com



SUYUN RAHMETİNİ BEKLERKEN, ANIDEN GELEN SEL, EVLERİMİZİ, SOKAKLARIMIZI VE EN ÖNEMLİSİ SEVDİKLERİMİZİ BİZDEN KOPARDI

СУДЫҢ МЕЙІРІМІН КҮТІП ЖҮРГЕНІМІЗДЕ, КЕНЕТТЕҢ КЕЛГЕН ТАСҚЫН ҮЙЛЕРІМІЗДІ, КӨШЕЛЕРІМІЗДІ ЖӘНЕ ЕҢ БАСТЫСЫ, ЖАҚЫҢДАРЫМЫЗДЫ БІЗДЕН АЖЫРАТЫП КЕТТІ.

Sayfa 12.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуі

34 бет



**Ahıska Türkleri:
Kazakistan ve Dünyada
Birlik ve Dayanışmanın Sesi**

Sayfa 48.



**Şahsiyet ve zaman:
Türk dünyasının büyük
ođlu, Azerbaycan`ın
sadık dostu OLCAS
SÜLEYMENOV**

Sayfa 54.



**Kaşgarlı Mahmud
Türkolojinin kurucusudur**

Sayfa 64.



**ТЮРКСОЙ обладает
незаменимой силой в
интеграции нашей куль-
туры**

82 стр.





Sevgili Okuyucular,

Bu sayımızda, Kazakistan'ı derinden sarsan ve hepimizin kalbine acı bir iz bırakan sel felaketine odaklanıyoruz. Ülkemizin dört bir yanında meydana gelen bu trajik olay, bizlere doğanın gücünü ve yaşamın kırılganlığını bir kez daha hatırlattı.

Her şey bir anda değişti. Suyun rahmetini beklerken, aniden gelen sel, evlerimizi, sokaklarımızı ve en önemlisi sevdiğimizizi bizden kopardı. Hepimiz, selin yol açtığı yıkımı, gözyaşlarıyla karşıladık. Ancak, bu zor günlerde bir kez daha gördük ki, Kazakistan halkının yüreğindeki dayanışma ve birlik ruhu hiç sönmemiş.

Kazakistan'ı etkisi altına alan sel felaketi, ülkemizin her köşesinde derin yaralar açtı ve toplum olarak hepimizi büyük zorluklarla karşı karşıya bıraktı. Bu doğa

Құрметті оқырмандар,

Бұл санымызда Қазақстанды терең күйзеліске ұшыратқан және жүрегімізде ауыр із қалдырған су тасқыны апатына тоқталамыз. Еліміздің үлкен аймағында орын алған қайғылы оқиға табиғаттың алапат күшін және өмірде қаншалықты әлсіз екенімізді тағы да есімізге салды.

Барлығы бір сәтте өзгерді. Судың шарапатын сезінеміз деп отырғанда кенеттен тасқынға айналып, көшелерімізді, үйлерімізді басып қалғанымен қоймай, бізді жақын жандарымыздан айырғаны қатты ауыр тиді. Су



DÜNYA AHISKA TÜRKLERİ BİRLİĞİ-DATÜB
GENEL BAŞKANI
ZIYATDIN KASSANOV

KAZAKİSTAN'DA
SEL FELAKETİNDEN ETKİLENEN BÖLGELERE

200 MİLYON

TENGE BAĞIŞ YAPTI!

**ЗАРДАП ШЕККЕН АЙМАҚТАРҒА,
КАСАНОВ ӨЗ АТЫНАН 200 МИЛЛИОН
ТЕҢГЕ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК КӨРСЕТТІ**

Зиятдин Касанов:

«Апаттың алғашқы күндерінен бастап, Қазақстанда тұратын Ахысқа түріктері ретінде, 50 миллион теңге құнындағы су, төсек, жастық, көрпе сияқты негізгі қажеттілік заттарын аймаққа жеткіздік,» деп атап өтті.

Касанов, материалдық және заттай көмектердің тек шұғыл қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін жеткілікті бола алатынын, алайда, жараларды жазу, жоғалған үміттерді қайтару үшін одан да көп нәрсеге қажеттілік бар екенін айтты.

Бұдан бөлек, зардап шеккен аймақтарға, Касанов өз атынан 200 миллион теңгелік қаржылық көмек көрсетті.





Dünya Ahıskalı Türkler Birliği Genel Başkanı ve Kazakistan Ahıska Türk Etnokültür Merkezi Başkanı Ziyatdin Kassanov, bu yardımlaşma hareketinin öncülerinden biri olarak kalplerimize dokundu. Felaketin ilk günlerinde Almatı şehrinde büyük bir toplantı organize ederek etnokültür merkezi temsilcilerini bir araya getirdi. Toplantıda yapılacak yardımlar hakkında görüş alışverişinde bulunuldu. Ayrıca Kassanov toplantıda, sel felaketinin hemen ardından, şahsi imkanlarıyla Kazakistan Halkı Asamblesi hesabına 200 milyon tenge nakdi yardım yaptığını.

olayının etkileri sadece fiziksel tahribatla sınırlı kalmadı; aynı zamanda psikolojik, sosyal ve ekonomik alanlarda da ciddi sıkıntılara neden oldu.

Selin getirdiği yıkım, pek çok evin, okulun ve iş yerinin harap olmasına neden oldu. Yollar, köprüler ve temel altyapı hizmetleri büyük zarar gördü. Altyapıdaki bu tahribat, günlük yaşamı sekteye uğratarak ulaşım, elektrik ve su gibi hayati hizmetlerin aksamasına yol açtı. Pek çok aile, evlerini ve sevdiklerini kaybetmenin yanı sıra, güvenli bir barınak bulma mücadelesiyle karşı karşıya kaldı.

Sel felaketi, tarım arazilerinin ve hayvanların telef olmasına, fabrikaların ve ticarethanelerin kapanmasına neden olarak ekonomik açıdan büyük bir darbe vurdu. Kazakistan ekonomisinin belkemiği olan tarım ve hayvancılık sektörü, bu felaketten en çok etkilenen alanlardan biri oldu. Çiftçiler, mahsullerini ve hayvanlarını kaybederken, küçük işletmeler de ciddi maddi kayıpları yaşadı.

Felaketin en acı yönlerinden biri de, insanların ruhsal sağlıkları üzerindeki etkisiydi. Sevdiklerini kaybeden, evsiz kalan ve belirsiz bir gelecekle karşı karşıya kalan insanlar, ciddi psikolojik travmalar yaşadı. Toplumun her kesiminde, umutsuzluk ve kaygı hakim oldu. Ancak bu zor günlerde, dayanışma ve yardımlaşma ruhu, halkımızın yeniden ayağa kalkması için büyük bir güç kaynağı oldu.

Dünya Ahıskalı Türkler Birliği Genel Başkanı ve Kazakistan Ahıska Türk Etnokültür Merkezi Başkanı Ziyatdin Kassanov, bu yardımlaşma hareketinin öncülerinden biri olarak kalplerimize dokundu. Felaketin ilk günlerinde Almatı şehrinde büyük bir toplantı organize ederek etnokültür merkezi temsilcilerini bir araya getirdi. Toplantıda yapılabilecek yardımlar hakkında görüş alışverişinde bulunuldu. Ayrıca Kassanov toplantıda, sel felaketinin hemen ardından, şahsi imkanlarıyla Kazakistan Halkı Asamblesi hesabına 200 milyon tenge nakdi yardım yaptığını. Bu yardım, sadece maddi bir destekten ibaret değildi; aynı zamanda umudun ve dayanışmanın simgesi oldu. Kassanov'un bu cömert yardımı, felaketzedelerin temel ihtiyaçlarının karşılanması için büyük bir adım oldu.

Ancak yardımlar bununla sınırlı kalmadı. Dünya Ahıskalı Türkler Birliği Kazakistan Temsilcisi İsmihan Kassanov öncülüğünde, Kazakistan'da yaşayan Ahıskalı Türkler de seferber oldu. Değeri 50 milyon tenge'ye ulaşan gıda, giysi, su ve geçici barınma imkanları sağlayarak, selden etkilenen kardeşlerimizin yanında oldular. Bu yardımlar, zor günlerde umudu yeniden yeşertti, dayanışmanın ve kardeşliğin gücünü bir kez daha gözler önüne serdi.

Kazakistan'ın dört bir yanında yankılanan bu yardım çabaları, bizlere insanlığın en güzel yanını hatırlattı. Ziyatdin Kassanov ve Ahıskalı Türkler'in gösterdiği bu örnek dayanışma, toplumumuzun ne kadar güçlü ve birlik içinde olduğunu gösterdi. Birlikte çalışarak, yardımlaşarak, en zor günlerin bile üstesinden gelebileceğimizi bir kez daha kanıtladık.

Bu felaketin ardından gelen yardımlar, sadece fiziki yaraları sarmakla kalmadı, aynı zamanda kalplerimize de dokundu. Ziyatdin Kassanov ve Ahıskalı Türkler'in

tasқынының зардабы көз жасымызға айналды. Дегенмен осындай қиын күндерде Қазақстан халқының жүрегіндегі ынтымақ пен бірлік рухының ешқашан өшпегенін тағы да көрдік.

Су тасқыны еліміздің әр бұрышында терең жаралар ашып, қоғам ретінде бізді үлкен қиындықтармен бетпе-бет қалдырды. Бұл табиғи оқиғаның әсері тек қирандылармен шектелмеді. Сонымен бірге психологиялық, элеуметтік және экономикалық салаларда да елеулі қиындықтарға себеп болды.

Тасқынның салдары көптеген үйдің, мектептің және жұмыс орнының бүлінуіне әкелді. Жолдар, көпірлер және негізгі инфрақұрылым қызметтері үлкен зиян шекті. Инфрақұрылымның бүлінуі күнделікті өмірді бұзып, көлік, электр және су сияқты өмірлік маңызды қызметтердің тоқтауына әкелді. Көптеген отбасы үйлерін және жақындарын жоғалтумен қатар, қауіпсіз баспана табу үшін күресуге мәжбүр болды.

Су тасқыны ауыл шаруашылық жерлерінің және малдың қырылуына, фабрикалар мен сауда орындарының жабылуына әкеліп, экономикалық тұрғыда үлкен соққы әкелді. Қазақстан экономикасының негізі болып табылатын ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы саласы осы апаттан ең көп зардап шеккен салалардың бірі болды. Шаруа қожалықтары өнімдері мен малдарын жоғалтып, шағын кәсіпорындар да елеулі қаржылық шығындарға ұшырады.

Апаттың ең қайғылы жақтарының бірі – адамдардың рухани денсаулығына тигізген әсері болды. Жақындарын жоғалтқан, баспанасыз қалған және белгісіз болашақпен бетпе-бет келген адамдар ауыр психологиялық жарақаттар алды. Қоғамның барлық саласында үмітсіздік пен алаңдаушылық үстемдік етті. Дегенмен осындай қиын күндерде ынтымақ пен бірлік рухы халқымыздың қайтадан аяққа тұруына үлкен күш-қуат берді.

Дүниежүзілік Ахыска Түріктері Одағының төрағасы және Қазақстан Ахыска Түріктері Этномәдениет Орталығының төрағасы Зиятдин Кассанов, осы көмек көрсету қозғалысының көшбасшыларының бірі ретінде жүрегімізде әсер қалдырды. Апаттың алғашқы күндерінде Алматы қаласында үлкен жиын ұйымдастырып, этномәдениет орталығының өкілдерін жинады. Жиында жасалатын көмек туралы пікір алмасылды. Сонымен қатар Кассанов жиында су тасқынының алғашқы күндерінде өзінің жеке мүмкіндіктерімен Қазақстан Халқы Ассамблеясының есепшотына 200 миллион теңге көлемінде қаржылай көмек көрсеткенін айтты. Бұл көмек тек материалдық қолдаумен шектелмей, үміт пен ынтымақтың белгісіне айналды. Кассановтың бұл жомарт көмегі тасқыннан зардап шеккендердің негізгі





bu özverili yardımları, Kazakistan halkının yüreğinde derin izler bıraktı. Bu dayanışma ruhu, geleceğe dair umutlarımızı yeniden yeşertti.

Ayrıca, Kazakistan'da yaşayan diğer milletler de yardım elini uzattı. Etnik gruplar ellerindeki imkanları seferber ederek selden etkilenenlere destek oldular. Bu yardımlar, sadece maddi anlamda değil, aynı zamanda moral ve motivasyon açısından da büyük bir önem taşıdı. Halkımız, bu zorlu günleri birlik ve beraberlik içinde aşarak, yaralarını sarmaya başladı.

Bu felaket, bizlere bir kez daha gösterdi ki, dayanışma ve birlik ruhu ile her türlü zorluğun üstesinden gelebiliriz. Kazakistan halkı olarak, bu süreçte sergilediğimiz yardımlaşma ve dayanışma, geleceğe dair umutlarımızı yeniden yeşertti. Bu zor günleri geride bırakmak için, el ele vererek, daha güçlü ve birlik içinde bir Kazakistan inşa etmeye devam edeceğiz.

Bu özel sayımızda, sel felaketinin ardından yaşananları, halkımızın birbirine nasıl kenetlendiğini ve yaralarını sarmak için gösterdiği fedakarlıkları anlatmaya çalıştık. Her bir sayfada, umut dolu hikayelere, insanlarımızın

çажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін үлкен қадам болды.

Алайда көмек тек мұнымен шектелмеді. Дүниежүзілік Ахысқа Түріктері Одағының Қазақстандағы өкілі Исмехан Кассановтың жетекшілігімен Қазақстанда тұратын Ахысқа түріктері де қолдау көрсетті. Құны 50 миллион теңгеге жететін азық-түлік, киім-кешек, су және уақытша баспана мүмкіндіктерін қамтамасыз етіп, тасқыннан зардап шеккен бауырларымыздың жанында болды. Бұл көмектер қиын күндерде үмітті қайта жандандырып, ынтымақ пен бауырластықтың күшін тағы бір мәрте көрсетті.

Қазақстанның түкпір-түкпірінде естілген бұл көмек әрекеттері бізге адамгершіліктің ең әдемі жақтарын еске салды. Зиятдин Кассанов пен Ахысқа түріктерінің көрсеткен бұл үлгілі ынтымағы, қоғамымыздың қаншалықты күшті және бірлікте екенін көрсетті. Бірлесе жұмыс



cesaret ve metanetine tanıklık edeceksiniz.

Bizler, bu zor günlerin geride kalacağına, yaralarını birlikte sarılacağına ve daha güçlü bir Kazakistan inşa edeceğimize yüreктен inanıyoruz. Bu süreçte desteklerini esirgemeyen tüm vatandaşlarımıza, kurtarma ekiplerine ve yardım kuruluşlarına teşekkür ediyoruz.

Gelin, hep birlikte dayanışmamızı ve sevgimizi büyüterek bu zor günleri geride bırakalım. Her karanlık gecenin ardından doğan aydınlık bir sabah vardır. Bu felaketi yaralarını sarmak, kayıplarımızı anmak ve daha güçlü bir gelecek için umutlarımızı yeniden yeşertmek adına, birlik olalım.

Sevgi ve dayanışma ile...

**RÖVŞEN MEMMEDOĞLU
BAŞ EDITÖR**

істеп, бір-бірімізге қол ұшын созып, ең қиын күндердің өзін еңсеруге болатынын тағы бір рет дәлелдедік.

Бұл апаттан кейін келген көмектер тек физикалық жараларды емдеп қана қоймай, жүрегімізге де әсер етті. Зиятдин Кассанов пен Ахысқа түріктерінің бұл жанқиярлық көмектері, Қазақстан халқының жүрегінде терең із қалдырды. Бұл ынтымақ рухы болашаққа деген үмітімізді қайта жандандырып, жаңа күш-қуат берді.

Сонымен қатар Қазақстанда тұратын басқа этностар да қол ұшын созды. Этникалық топтар қолындағы мүмкіндіктерін жұмсап, тасқыннан зардап шеккендерге қолдау көрсетті. Бұл көмектер тек материалдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар моральдық және мотивация тұрғысынан да үлкен маңызға ие болды. Халқымыз бұл қиын күндерді бірлік пен ынтымақтастық ішінде еңсеріп, жараларын емдей бастады.

Бұл апат бізге тағы бір рет көрсетті: ынтымақ пен бірлік рухымен кез келген қиындықты жеңуге болады. Қазақстан халқы ретінде бұл үдерісте көрсеткен ынтымақ пен бірлігіміз, болашаққа деген үмітімізді қайта жандандырып, жаңа күш-қуат берді. Бұл қиын күндерді артта қалдыру үшін, бірлікте болып, күшті және ынтымақтастық ішінде бір Қазақстан құруды жалғастыра беру қажет.

Бұл ерекше санымызда тасқыннан кейін болған оқиғаларды, халқымыздың бір-біріне қалай қолдау көрсеткенін және жараларын емдеу үшін көрсеткен жанқиярлықтарын баяндауға тырыстық. Әрбір бетте үмітке толы оқиғаларға, халқымыздың ерлігі мен табандылығына куә боласыз.

Біз бұл қиын күндердің артта қалатынына, жараларымыздың жазылатынына және бұрынғыдан да күшті Қазақстан құратынымызға шын жүректен сенеміз. Осы үдерісте қолдау көрсеткен барлық азаматтарға, құтқару топтарына және көмек ұйымдарына алғысымызды білдіреміз.

Бәріміз бірге ынтымақтастығымыз бен сүйіспеншілігімізді күшейтіп, бұл қиын күндерді артта қалдыруға шақырамыз. Әрбір қараңғы түннің артынан жарық таң атар. Бұл апаттың жараларын жазу, жоғалтқандарымызды еске алу және күштірек болашақ үшін үміттерімізді қайта жандандыру мақсатында бірлікте болайық.

Асқан сүйіспеншілікпен...

**РОВАН МӘМЕДУЛЫ
БАС РЕДАКТОРЫ**

**SUYUN RAHMETİNİ BEKLERKEN, ANIDEN
GELEN SEL, EVLERİMİZİ, SOKAKLARIMIZI
VE EN ÖNEMLİSİ SEVDİKLERİMİZİ BİZDEN
KOPARDI**

**СУДЫН МЕЙІРІМІН КҮТІП ЖҮРГЕНІМІЗДЕ,
КЕНЕТТЕН КЕЛГЕН ТАСҚЫН ҮЙЛЕРІМІЗДІ,
КӨШЕЛЕРІМІЗДІ ЖӘНЕ ЕҢ БАСТЫСЫ,
ЖАҚЫНДАРЫМЫЗДЫ БІЗДЕН
АЖЫРАТЫП КЕТТІ.**



Қазақстандағы су тасқыны (2024) – 2024 жылы болған Қазақстандағы су тасқыны. Қазақстанның су басқан 10 облысында төтенше жағдай жарияланды. Елдегі су тасқыны көлемі жағынан соңғы 80 жылдағы ең ірі табиғи апат.

Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің қызметтері су тасқыны салдарын жою, су тасқынына қарсы іс-шараларды, апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда.

Хронология

27 наурыз

Зардап шеккендерді эвакуациялау пункті Елдің бірнеше өңірінен тұрғындар төтенше жағдайлар министрлігіне су тасқынына байланысты хабарласа бастады.

Статистика: ТЖМ және әкімдіктердің күшімен шамамен 60 мың текше метр еріген су сорылды, үш мыңнан астам қап төселді. Апаттық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, жергілікті атқарушы органдардың, ІІМ, тартылған ұйымдардың күштері мен құралдары: жеке құрамынан шамамен 2500 адам, 700-ге жуық бірлік техника, 290-нан астам бірлік су айдау және жүзу құралдары жұмылдырылды.

Астана қаласы, Маңғыстау, Қызылорда облыстары ТЖД және әскери бөлімдерінен келген күштер мен құралдар Ақтөбе, Қостанай және Ақмола облыстарында су тасқынына қарсы жұмыстарға кірісті. Су басқан тұрғын үйлерден 94 адам, оның ішінде Ақтөбе облысында 83 адам және Қостанай облысында 11 адам алдын ала эвакуацияланды, олар туыстарына және жақын маңдағы қауіпсіз елді мекендерге орналастырылды.

Эвакуация: Қостанай облысы Екідің, Қызыл Жұлдыз ауылдарының тұрғындарын эвакуациялау жүргізілуде.

28 наурыз

Статистика: ТЖМ және ЖАО-ның күшімен 1,7 миллион астам текше метр еріген су сорылды, 82 мыңнан астам қап және 20 183 тонна инертті материал төселді. Ауа температурасының күрт көтерілуі, жауын-

шашынға байланысты Ақтөбе, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан және Абай облыстарында су басу қаупі сақталады.

Шығын: 297 жеке тұрғын үй су астында қалып отыр. 100-ден астам жол төсемі арқылы су жүріп, 18 жол төсемін су шаю фактілері тіркелді, оның ішінде 2 көпір қирады.

Эвакуация: Түркістан, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының су басқан елді мекендерінен 2 054 адам эвакуацияланды. Оның 960-ы Ақтөбе, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарының елді мекендерінің тұрғындары уақытша орналастыру пункттерінде қалды. Сонымен қатар өуе кемелерімен 321 адам эвакуацияланды.

29 наурыз

Зардап шеккен тұрғындар баррикада тұрғызуда

Статистика: ТЖМ және әкімдіктердің күшімен 3,2 миллион м3 астам еріген су сорылды, 188 мыңнан астам қапшық және 37,9 тонна инертті материал төселді. Түркістан, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақмола, Ұлытау және Абай облыстарында 5 447 адам құтқарылып, эвакуацияланды. Уақытша орналастыру пункттерінде 3 109 адам. Бұл ретте тартылған өуе кемелерімен 586 адам эвакуацияланды.

Шығын: Қазіргі уақытта 683 жеке тұрғын үй және 75 саяжай үйі, 416 аула аумағы су астында қалып отыр. Батыс Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Ақтөбе, Абай және Ұлытау облыстарында көлік қатынасынсыз қалған 45 елді мекен бар.

Төтенше жағдай: Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Абай, Ұлытау және Ақмола облыстарының әкімдіктері жергілікті ауқымдағы ТЖ режимдерін жариялады.

Құтқарушылар құрамы: Апаттық-құтқару жұмыстарына 6000-нан астам адам, 2000-ға жуық бірлік техника, 603 бірлік су айдау құралдары және 57 бірлік жүзу құралдары, 10 өуе кемесі ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, ҰҰ, жергілікті атқарушы органдар жұмылдырылды.

Ақтөбе облысы: 21-28 наурыз аралығында облыс бойынша барлығы 729 996м3 су сорылды, 88 535 дана қапшықтар және 10 039 тонна инертті материалдар төселді. Облыс бойынша 244 үй су астында қалды. 2987 адам эвакуацияланды. Эвакуацияланғандар уақытша пункттер және туыстарының үйінде жіберілді. Сондай-ақ 129 бас ірі қара мал қауіпсіз аймаққа эвакуацияланды. 1735 адам, 343 бірлік техника, 62 мотопомпа, 8 жүзу құралы жұмылдырылды.

Қостанай облысы: Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылында еріген қар суын сору жұмыстары жүргізілді. Абай, Палуан және Боданов көшелерінде орналасқан тұрғын үйлердің аулаларында 7482 м3 су бұрылды, су деңгейі 10-15 см-ге төмендеді. Қостанай облысы Амангелді ауданының Амангелді ауылынан 9 шақырым жерде орналасқан Шыңтас фазендасынан қайықты пайдаланып 5 адам құтқарылды. Сонымен қатар, өрт сөндіру сорғы станциясын, мотопомпаны пайдалана отырып, 10 мың текше метр су сорылды.



28 наурыз

Статистика: ТЖМ және әкімдіктердің күшімен 3,5 миллион астам м3 еріген қар суы сорылды, 288 мыңнан астам қапшық және 44,7 тонна инертті материал төселді.

Құтқарушылар құрамы: Апаттық-құтқару жұмыстарына 6000-нан астам адам, 2000-ға жуық бірлік техника, 644 бірлік су айдау құралдары және 61 бірлік жүзу құралдары, 12 өуе кемесі ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, ҰҰ, жергілікті атқарушы органдар жұмылдырылды.

Эвакуация: Түркістан, Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақмола, Ұлытау және Абай облыстарында 10 587 адам құтқарылып, эвакуацияланды. Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Ақмола, Абай облыстарында уақытша орналастыру пункттерінде 5 497 адам орналастырылды. Бұл ретте тартылған өуе кемелерімен 747 адам эвакуацияланды.



1 сәуір

Статистика: Су тасқыны кезеңі

басталғаннан бері ТЖМ және әкімдіктердің күшімен 4,6 миллион астам м3 еріген қар суы сорылды, 370 мыңнан астам қапшық және 728 мың тонна инертті материал төселді.

Құтқарушылар құрамы: Апаттық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ІІМ, ҚМ, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 8 458 адам, 2 124 техника, 808 су айдау құралы және 65 жүзу құралы, 12 өуе кемесі жұмылдырылды

Эвакуация: Жұмылдырылған күштермен және құралдармен 13 659 адам құтқарылды және эвакуацияланды. Бұл ретте мемлекеттік авиацияның тартылған өуе кемелерімен 1655 адам эвакуацияланды. Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Ақмола, Атырау, Қостанай облыстарында уақытша орналастыру пункттерінде 6 034 адам бар.

Шығын: 309 жеке тұрғын үй мен 759 аула аумағынан су шығарылды. Бұл ретте 1 257 жеке тұрғын үй мен 400 аула аумағы су астында қалып отыр. Су шайған 55 автожол, оның ішінде 1 көпір және 54 жол төсемі бақылауда. 49 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Зардап шеккен азаматтар эвакуациялануда



2 сәуір

Батыс Қазақстан облысында төтенше жағдай жарияланды.

Статистика: 1 сәуірде еріген қар суының келуіне байланысты Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Тереңсай бөгетінің толып кету және Айке ауылының су басу қаупі туындады. Су тасқыны кезеңі басталғаннан бері ТЖМ және әкімдіктердің күшімен 5,3 миллион м3 астам еріген су сорылды, 579 мыңнан астам қапшық және 782 мың тонна инертті материал төселді.

Эвакуация: Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Жүргенов ауылында халықты алдын ала эвакуациялау жүргізілді, барлығы 461 адам. Су тасқыны басталғаннан бері азаматтық қорғау қызметтері 16 151 адамды құтқарып, эвакуациялады. 11 779 бас ауыл шаруашылығы жануары қауіпсіз жерлерге айдалды. Қазіргі уақытта Ақтөбе,

Батыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай облыстарында уақытша орналастыру пункттерінде 3 881 адам бар. Өткен аптада Апаттар медицинасы орталығының қызметкерлері су тасқыны қаупі бар аймақтардан эвакуацияланған 736 адамды қарады. 29 адамға, оның ішінде 2 балаға медициналық көмек көрсетілді.

Шығын: 320 жеке тұрғын үй мен 940 аула аумағынан су бұрылды. Бұл ретте 1 374 жеке тұрғын үй мен 375 аула аумағы су астында қалып отыр. 62 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Құтқарушылар құрамы: Су тасқынына қарсы іс-шаралар шеңберінде ТЖМ, ҚМ, ҰҚК және ИМ Ұлттық ұланның 20-дан астам әуе кемесі жұмылдырылды. Ұлытау, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Павлодар, Ақмола және Абай облыстарында құтқару операциялары белсенді жүргізілуде. Әуе кемелерімен 1 757 адам эвакуацияланды, 30 тоннадан астам гуманитарлық жүк тасымалданды.

Мониторинг: Қауіпті аймақтарды тиімді бақылау және анықтау үшін авиаторлар 27 аэровизуалды ұшуды жүзеге асырды. Басты мақсат осы қиын кезеңде мұқтаж жандарға қауіпсіздік пен көмек көрсету. Су шайған 59 автожол, оның ішінде 4 көпір және 55 жол төсемі, су шайған 93 автожол бақылауда.



3 сәуір

Статистика: 3 сәуірдегі жағдай бойынша елдегі су тасқынына қатысты ахуал әлі де күрделі. 6 өңірде 1 364 жеке меншік тұрғын үйді су басқан. Автожолдардың 105 учаскесінде су жайылған. 78 жол учаскесінде бүлінген жерлерді және 4 көпірді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. 64 елді мекенге көлік қатынасы жоқ.

Эвакуация: Соңғы тәулікте құтқарушылар 1 524 адамды эвакуациялады.

Қарағанды облысының аумағында қар жамылғысы шамамен 34% құрайды. Барлығы 700-ге жуық адам және 118 бірлік техника жұмылдырылды. Қостанай облысы бойынша қар жамылғысы шамамен 71%. 75

тұрғын үй мен 38 аула аумағын су басқан.



4 сәуір

2024 жыл 4 сәуірдегі Қазақстандағы ерімеген қар жамылғысы

Су тасқынының алдын алу үшін мұз жару, ұсақтау процесстреі жалғасуда.

Статистика: Су тасқыны басталғаннан бері Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Ақмола, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстарында 1 043 жеке тұрғын үй және 298 аула аумағы су астында қалуда. 691 үй мен 1 042 аула аумағынан еріген қар суы сорылды. 18 945 адам құтқарылды және эвакуацияланды. 6,2 миллион. м3 еріген қар суы сорылды, 728 мың қап және 942 мың тонна инертті материал төселді. Су шайған 77 автожол, оның ішінде 4 көпір және 73 жол төсемі, су жүрген 114 автожол бақылауда. 63 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақтөбе облысы: Қардың тез еруіне байланысты Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының Қарасай ауылында 1 жеке тұрғын үй мен 2 аула аумағын су басты, бұл ретте үй тұрғындары алдын ала эвакуацияланды. Қардың еруі мен «Тереңсай» бөгетінің суға толуы салдарынан Әйтеке би ауданының Айке ауылындағы 2 жеке тұрғын үйді су басты, ауылдан Жүргенев ауылына алдын ала 297 адам эвакуацияланды. Ойыл ауданының 5 елді мекеніндегі жеке үйлерді су басуына байланысты ҚР ҚМ әуе кемелерінде Ойыл ауылы мен Ақтөбе қаласына қосымша 85 адам эвакуацияланды, 6,2 тонна гуманитарлық жүк жеткізілді, сондай-ақ 2 тонна гуманитарлық жүк жерүсті жолымен тасымалданды.

Батыс Қазақстан облысы: Өңірге Президент іс-сапармен барып, су басқан аумақтарын тікұшақпен аралады. Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Президентке бүгінде 6 аудан мен Орал қаласын су басқанын баяндады. Қарғын су 552 тұрғын үйге, 427 саяжай теліміне зиян келтірген. Өңір басшысының айтуынша, су тасқынына қарсы шараларға 1911 адам, 332 техника, 101 мотопомпа, 1 тікұшақ жұмылдырылған.

Құтқару жұмыстарына Алматы және Маңғыстау облыстарының құтқарушылары атсалысып жатыр. Қарғын су басқан аумақтардан 6505 тұрғын көшірілген, жедел-эвакуациялау пункттері құрылған. Зардап шеккендерге біржолғы материалдық көмек көрсету үшін жергілікті бюджет есебінен 63 миллион теңге қаржы бөлінді. Су айдау, нысандардың жан-жағын топырақпен қоршау және су жүретін құбырларды кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.[11] Сонымен қатар мемлекет басшысы БҚО Қаратөбе аудан орталығындағы Қажым Жұмалиев атындағы мектеп-гимназия базасында орналасқан эвакуациялық пунктке барды.



5 сәуір

Су басқан ауыл

Статистика: Су тасқыны Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 596 жеке тұрғын үй және 334 аула аумағы су астында қалуда. 1 143 үй мен 1 013 аула аумағынан еріген қар суы сорылды. 19 459 адам, оның ішінде 8 460 бала құтқарылды және эвакуацияланды, 55 мың ауыл шаруашылығы жануары айдалды. Бұл ретте әуе кемелерімен 2 365 адам, оның ішінде 477 бала эвакуацияланды. Уақытша орналасу пункттерінде 4 037 адам, оның ішінде 1 712 бала бар. 6,6 миллион. м3 еріген қар суы сорылды, 785 мың қап және 946 мың тонна инертті материал төселді. Су шайған 88 автожол, оның ішінде 4 көпір және 84 жол төсемі, су жүрген 123 автожол бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 74 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Солтүстік Қазақстан облысы: Петропавл қаласы, Айыртау, Тайынша, Тимирязев, Есіл, Уәлиханов, М. Жұмабаев және Ғ. Мүсірепов атындағы аудандарда ашық аумақтан еріген қар суын бұру және халыққа көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар егістіктерден еріген судың көп мөлшерде келуіне байланысты Тайынша

ауданының Красная поляна ауылында 6 жеке тұрғын үйді су басып, тұрғындарды ішінара эвакуациялау жүргізілді.

Су басқан автожол

Ақмола облысы: егістіктерден Атбасар қаласының арық жүйесіне судың көп мөлшерде келуіне байланысты жеке тұрғын үйлердің 7 аула аумағы су астында қалды, еріген суды бұру және халыққа көмек көрсету жұмыстары жүргізілуде. Целиноград ауданы Талапкер ауылының бойымен өтетін жасанды каналдың бір бөлігінің шеті жырылып, жырылу қалпына келтірілді, 26 жеке тұрғын үйдің ашық учаскелері мен су басқан аула аумақтарынан еріген қар суын айдау жұмыстары жүргізілуде.

Ақтөбе облысы: Мағаджан су қоймасы бұзылды. Бесқоспа, Қызылту ауылдары және Алға ауданының Табантал қыстағы ықтимал су басу аймағында. 215 адам, оның ішінде 96 бала Бесқоспа ауылының орта мектебіне және туыстарының үйлеріне эвакуацияланды, мал қауіпсіз жерге айдалды. Табантал өзенінде жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілуде, оған су қоймасынан су ағызылады.

Батыс Қазақстан облысы: Бөрлі ауданында Қарашығанақ және Димитрово кенттерінен Жарсуа кентіндегі орта мектеп базасындағы эвакуациялау пунктіне мүмкіндігі шектеулі 25 адам алдын ала эвакуацияланды. Бұл елді мекендер Жайық өзенінің бойында орналасқан.

Қостанай облысы: Қарасу өзенінде су деңгейінің көтерілу қаупіне және Қарасу ауданының Қарамырза ауылында су басу қаупіне байланысты Қарасу ауылында 108 адам алдынала эвакуацияланды. Науырзым ауданының Буревестник ауылындағы егістіктерден еріген судың мол мөлшерде келуіне байланысты 7 жеке тұрғын үйдің аула аумағы су астында қалды, тұрғындар туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Павлодар облысы: Ертіс ауданының Ұзынсу ауылында 18 жеке тұрғын үйді су басқаны анықталды, үйдегі су толықтай сорылды. Ұзынсу ауылынан Ертіс ауылына медициналық көмекке мұқтаж 38 адам,

оның ішінде 24 бала жүзу құралдарымен жеткізілді.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 9 мыңнан астам адам, 2,2 мың техника, 613 су айдау құралы және 96 жүзу құралы, 11 өуе кемесі жұмылдырылды.



6 сәуір

Атырауда төтенше жағдай режимі жарияланады.

Ақтөбеде құтқарушылар 2 және 4 метр тереңдіктен екі адамның денесін алып шықты. Қайғылы оқиғаның бірі қалада, бірі ауылда орын алған.

Ақтөбе облысында баспаналарына залал келген тұрғындарға 369 мың теңге шамасында бір реттік төлем беріле бастады.

Статистика: Су тасқыны Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 3 171 жеке тұрғын үй және 179 аула аумағы су астында қалуда. 1 451 үй мен 1 319 аула аумағынан еріген қар суы сорылды. 46 755 адам, оның ішінде 14 589 бала құтқарылды және эвакуацияланды, 60 мың ауыл шаруашылығы жануары айдалды. Бұл ретте өуе кемелерімен 2 602 адам, оның ішінде 759 бала эвакуацияланды. Уақытша орналасу пункттерінде 12 541 адам, оның ішінде 6 439 бала бар. 7 миллион. м3 еріген қар суы сорылды, 900 мың қап және 969 мың тонна инертті материал төселді.

Су шайған 86 автожол, оның ішінде 4 көпір және 82 жол төсемі, су жүрген 114 автожол бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 70 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақтөбе облысы: Облыс аумағында 1053 үйді су басты. Эвакуацияланған 1518 адам уақытша орналастыру пункттеріне орналастырылды, 5858 адам туыстарында. 10663 бас мал қауіпсіз жерлерге айдалды. Өткен тәулікте, тәуліктің түнгі уақытын қоса алғанда, қауіпті учаскелерде шамамен 100 дана қап және 100 тонна инертті материал

төселді, 2630 м3 текше метр су сорылды.

Атырау облысы: Атырау облысында Жем өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Жылыой ауданының Құлсары қаласында Жадырасын шағын аудан, Өуежай, Вахталық, №2,3,5 су астында қалды. Алдын ала 2500 жеке тұрғын үй мен 5 әлеуметтік нысанды су басу орын алды, 13 915 адам, оның ішінде 4 724 бала эвакуациялау пункттеріне эвакуацияланды, электрмен жабдықтау өшірілді.

Қостанай облысы: 534 адам алдын ала эвакуацияланды және ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз жерге айдалды.



7 сәуір

Статистика

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше республиканың 7 өңірінде 5711 бас мал өлді, оның ішінде 1137 ірі қара және 4051 ұсақ мал бар.

Су тасқыны басталғалы бері 3702 жеке тұрғын үй, 562 аула аумағы, 1822 саяжай үйі және әртүрлі мақсаттағы 73 ғимарат, 155 автожолды су басты. 7,4 миллион м3 астам еріген қар суы сорылды, 969 мыңнан астам қапшық және 976 мың тонна инертті материал төселді. 72 284 адам эвакуацияланды, уақытша орналастыру пункттерінде 14 430 адам, оның ішінде 7 216 бала жеткізілді, 68 932 ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз қашықтыққа айдалды. 61 елді мекен көлік қатынасынсыз қалып отыр.

Батыс Қазақстан облысы: Теректі ауданы Ұзынкөл ауылынан 7 шақырым жерде Ұзынкөл су қоймасындағы су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізілуде. Жайық, Шаған және Деркөл өзендерінде су деңгейінің көтерілуі сақталуда. Орал өзеніндегі Ириклин су қоймасынан су ағызу 2170 м3/сек құрайды. Росгидрометпен үнемі гидрологиялық мәліметтер алмасылады. Жазғы коттеждер су астында қалып отыр және Орал қаласының “Утюжный затон” саяжайын су басу қаупі бар. Жайық және Шаған өзендеріндегі су деңгейінің көтерілуіне, су тасқыны қаупінің сақталуына

және саяжай алаптарының су басуына байланысты 6, 7 сәуірде теле және радио хабарларын тарату жүйесі қармалды.

Қостанай облысы: қардың көп еруіне және даладан еріген қар суының ағып келуіне байланысты Қарасу ауданы Қарамырза ауылына мониторинг жүргізілуде. Сондай-ақ Тобыл қаласы мен Алтынсарин ауылынан эвакуациялау жүргізілуде. Қостанай, Тобыл, тұрғын алаптары, СОО, демалыс базалары және т. б. аудандарындағы іргелес аумақтар су басуға бейім.

Ақмола облысы: Целиноград ауданының Тасты ауылына мониторинг жүргізілуде, ауылдың сыртындағы жасанды траншеяны су басу қаупі бар.

Солтүстік Қазақстан облысы: Тайынша қаласының мониторингі жүргізілуде, Шағалалы өзеніндегі су деңгейінің көтерілуі салдарынан елді мекенді су басу қаупі бар. Тайынша ауданының Красная Поляна ауылында егістіктерден еріген қар суы мөлшерінің ұлғаюына байланысты аула аумақтарын су басу қаупі бар. Есіл өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты Ғ. Мүсірепов ауданындағы Достық ауылында ауылды су басу қаупі бар. Сергеев су қоймасында жота арқылы су басу жүріп жатыр. Қазіргі уақытта елді мекендерге қауіп төніп тұрған жоқ. Ұзынжар ауылында Есіл өзенінің су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде 4 аула аумағын су басты.

Атырау облысы: Ақтөбе облысы Ойыл ауданындағы Жем өзенінің деңгейінің жоғарылауына байланысты Құлсары қаласының 2 810 үйін су басты. Құлсары қаласының тұрғындарын эвакуациялау бойынша іс-шара барысында Төтенше жағдайлар департаменті 6 сәуірде Жылыой ауданында қала тұрғындарын хабардар ету үшін бес рет сиреналық-сөйлеу құрылғысын іске қосты. Сонымен қатар, қала тұрғындарын хабардар ету үшін сигналды-дауыс зорайтқыш құрылғылармен жабдықталған жеті бірлік полиция техникасы жұмылдырылды.

Қарағанды облысы: Шет ауданының Ақшатау а/о-де “Таңатбай” бөгеті бөгенінің

денесінде дренаж фактісі анықталды. Қарасай өзенінің арнасы бойындағы бөгеттен 14 км төмен орналасқан Жарылғап батыр ауылының 65 үйінен 66 адам, оның ішінде 28 бала эвакуацияланды.

Құтқарушылар құрамы: Апаттық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, Қорғанысмині, ІІМ, ҰГ, ҰҚК және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардан 13620-дан астам адам және 1265 бірлік техника, 386 су айдау құралдары мен 83 жүзу құралдары және 7 өуе кемесі жұмылдырылды.



8 сәуір

Зардап шеккен өңірлерге 126 мыңнан астам кг гуманитарлық көмек жеткізілді.

Елде жергілікті ауқымдағы 29 төтенше жағдай болып жатыр.

Статистика: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында 3 745 жеке тұрғын үй, 421 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 7,7 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 993 мың қапшық және 982 мың тонна инертті материал төселді. 1 739 тұрғын үй мен 1 743 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері шамамен 76 мыңға жуық адам, оның ішінде 18 мыңнан астам бала құтқарылды. Тартылған өуе кемелерімен 2 811 адам, оның ішінде 865 бала құтқарылды. Уақытша орналасу пунктеріне 7 203 адам, оның ішінде 2 794 бала орналастырылды. 69 мыңнан астам ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды. «Жедел желі» телефонына 1052 қоңырау түсті, психологтар зарджар шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсетуде.

Су жүрген 146 автожол, су шайған 105 автожол, оның ішінде 4 көпір және 101 жол төсемі бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 65 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Атырау облысы: Жем өзенінде су

деңгейінің көтерілуіне байланысты Жылыой ауданының Жадырасын, Аэропорт, Вахтовый, №2,3,5 шағын аудандары, Құлсары қаласында алдын ала мәліметке сәйкес 2810 жеке тұрғын үй мен 5 әлеуметтік нысанды су басты. 28 551 адам, оның ішінде 6 7191 бала эвакуациялау пункттеріне эвакуацияланды, электр жарығы өшірілді.

Атырау облысы: Еріген қар суы ағынының ұлғаюына және Есіл өзенінің арнасынан шығуына байланысты Жарқайың ауданы Пригородное ауылының Державинск, Есіл қалаларында 34 жеке тұрғын үй су астында қалды. 103 адам эвакуацияланды, оның ішінде 17 бала туыстарына орналастырылды. Қалған тұрғындар туыстары бойынша өздері эвакуацияланды. Тартылған күштер мен құралдармен жол төсемін ашу бойынша жұмыстар жүргізілді, Есіл өзеніне су бұру жалғасуда, үйіндіні нығайту, қапшықтарды төсеу және еріген суды айдау жұмыстары жүргізілуде.

Солтүстік Қазақстан облысы: Есіл өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты Ғ. Мүсірепов атындағы ауданның Новошымское ауылында, Шал ақын ауданы Коноваловка және Қаратал ауылдарында, Есіл ауданының Бірлік ауылында су басу қауіп туындап, 10 жеке тұрғын үйді су басты. Алдын ала 70 адам эвакуацияланды, оның ішінде 31 бала туыстары мен эвакуациялау пункттеріне орналастырылды. Қауіпсіз жерге 40 ауыл шаруашылығы жануары айдалды.

Ақтөбе облысы: Қарғалы су қоймасында еріген су ағынының ұлғаюына және Қарғалы өзені су деңгейінің көтерілуіне байланысты Ақтөбе қаласының Ақжар және Садовая тұрғын алаптары ауданында бау-бақша ұжымдарын су басу қауіпі туындады. 143 адам, оның ішінде 25 бала эвакуацияланды.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 16 375 адам, 1 651 бірлік техника, 377 су сору және 81 жүзу құралы, 15 әуе кемесі жұмылдырылды.



9 сәуір

Зардап шеккен өңірлерге 134 000-ға жуық кг гуманитарлық көмек жеткізілді.

Статистика: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында 3 365 жеке тұрғын үй, 348 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 8 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 1,2 млн. қапшық және 1 млн. тонна инертті материал төселді. 2 165 тұрғын үй мен 1 753 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері 86 мыңнан астам адам құтқарылды және эвакуацияланды. Тартылған әуе кемелерімен 2 823 адам, оның ішінде 865 бала құтқарылды. Уақытша орналасу пункттеріне 8 472 адам орналастырылды. 81 мыңнан астам ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды.

Су жүрген 141 автожол, су шайған 99 автожол, оның ішінде 8 көпір және 91 жол төсемі бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 65 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақтөбе облысы: Ойыл ауданында Ойыл өзенінде су деңгейінің төмендеуі байқалады. Жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда, халықты және инертті материалды, сондай-ақ азық-түлікті тасымалдау үшін понтон өткелі жұмыс істейді. Қарғалы су қоймасындағы еріген қар суы ағынының ұлғаюына және Қарғалы өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне байланысты Ақтөбе қаласының бау-бақша ұжымдарынан халықты эвакуациялау жұмыстары жалғасуда, 216 адам, оның ішінде 106 бала эвакуацияланды, олар эвакуациялау пункттеріне және туыстарының үйлеріне орналастырылды. Қарғалы өзенінің бойында қапшықтарды төсеу арқылы жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда.

Атырау облысы: Жылыой ауданында Жем өзенінде су деңгейінің төмендеуі байқалады. Еріген қар суын бұру және халыққа көмек

көрсету жұмыстары жалғасуда, 5 184 текше метр су сорылды, 43 000 дана қап, 200 тонна инертті материал төселді, су ағынын Каспий теңізіне қарай өткізу қабілетін арттыру үшін Жем өзенінің атырауын бұзды. Атырау қаласынан Құлсары қаласына тікұшақ техникасы арқылы гуманитарлық көмек жеткізілді. Жылыой ауданында барлығы 9 536 адам эвакуацияланды, оның 7000-ы «Теңіз» кен орнының аумағында, қалғандары эвакуациялау пункттерінде және туыстарының үйлеріне орналастырылды. Құлсары қаласында 2 810 тұрғын үй және өртүрлі мақсаттағы 5 ғимарат су астында қалып отыр, эвакуациялау пункттерінде 33 641 адам бар.

Ақмола облысы: Қосшы, Жарқайың, Есіл, Целиноград, Шортанды, Ақкөл, Астарахан, Атбасар және Біржан сал аудандарындағы су басқан аумақтардан еріген қар суын бұру жұмыстары жалғасуда. Қардың қарқынды еруіне, Есіл және Қызыл су өзендерінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Есіл ауданының Знаменка, Ленин, Садовое ауылдарында 34 аула аумағы мен 14 жеке тұрғын үйді су басып, 142 адам эвакуацияланды. Ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз жерге алдын ала айдалды. Суды бұру және халыққа көмек көрсету бойынша жұмыстар жүргізілуде, өзен деңгейіне мониторинг жүргізілуде. Атбасар қаласындағы Жабай өзенінде су тасқыны мен су деңгейінің көтерілу қаупіне байланысты 77 адам, оның ішінде 21 бала эвакуацияланды. Мониторинг жалғасуда.

Қостанай облысы: Меңдіқара ауданының Буденовка, Алешинка және Введенка елді мекендерінен алдын ала 118 адам, оның ішінде 43 бала эвакуацияланды. Тобыл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Қостанай қаласы мен Меңдіқара ауданында жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда. Жангелді ауданының Көкалат және Аралбай елді мекендеріне тікұшақ техникасы арқылы гуманитарлық көмек жеткізілді.

Солтүстік Қазақстан облысы: Петропавл, Есіл, Қызылжар, Жамбыл және Шал ақын

аудандарындағы су басқан аумақтардан еріген қар суын бұру жұмыстары жалғасуда. Есіл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Шал ақын ауданының Бірлік, Петровка, Городецкое, Коноваловка, Қаратал ауылдарында 98 адам, оның ішінде 22 бала алдын ала эвакуацияланды. Барлығы эвакуациялау пункттеріне және туыстарының үйлеріне орналастырылды. Ауыл шаруашылық жануарлары қауіпсіз жерге айдалады.

Батыс Қазақстан облысы: Орал өзенінде жағалауды нығайту жұмыстары жалғасты, 5 250 дана қапшық төселді, бау-бақша қоғамдарынан 22 адам, оның ішінде 6 бала алдын ала эвакуацияланды.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 23 мың адам, 2,5 мың бірлік техника, 448 су сору және 131 жүзу құралы, 5 өуе кемесі жұмылдырылды.

10 сәуір

Статистика: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында 3 444 жеке тұрғын үй, 336 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 8,5 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 1,3 млн қапшық және 1,1 млн тонна инертті материал төселді. 2 750 тұрғын үй мен 1 816 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері 96 472 мың адам, оның ішінде 31 640 мың бала құтқарылды және эвакуацияланды. Тартылған өуе кемелерімен 2 823 адам, оның ішінде 865 бала құтқарылды. Уақытша орналасу пунктеріне 7 605 адам, оның ішінде 3 474 бала орналастырылды. 82 559 мың ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды. «Жедел желі» телефонына 1 214 қоңырау түсті, психологтар зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсетуде.

Су жүрген 139 автожол, су шайған 105 автожол, оның ішінде 8 көпір және 97 жол төсемі бақылауда. Жергілікті атқарушы

органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 69 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Атырау облысы: Жем өзенінде су деңгейінің төмендеуі байқалады. Еріген суды бұру және халыққа көмек көрсету жұмыстары жалғасуда, 212 256 текше метр айдалды, 212 911 дана қап, 189 034 тонна инертті материал төселді, су ағынын Каспий теңізіне қарай өткізу қабілетін арттыру үшін Жем өзенінің атырауын бұзды. Жылыой ауданында 1005 адам, оның ішінде 205 бала эвакуацияланды, 624 адам эвакуациялық пункттеріне, қалғандары туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Ақмола облысы: Қосшы, Жарқайың, Есіл, Целиноград, Шортанды, Ақкөл, Астарахан, Атбасар және Біржан сал аудандарындағы су басқан аумақтардан еріген қар суын бұру жұмыстары жалғасуда. Қызыл Су, Қалқұтан, Қайрақты, Жабай өзендерінде су деңгейінің көтерілуі мен төгілуіне байланысты Есіл ауданының Садовое ауылында, Астрахан ауданының Ескі Қалқұтан ауылында, Бұланды ауданының Вознесенка ауылында, Атбасар ауданының Атбасар қаласында, Сандықтау ауданының Максимовка ауылында, сондай-ақ Жарқайың ауданының Пригородное ауылында қардың қарқынды еруіне байланысты 20 аула аумағы мен 29 жеке тұрғын үй су астында қалды, 59 адам алдын ала эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды. Өзендер деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы: Петропавл, Есіл, Қызылжар, Жамбыл және Шал ақын аудандарындағы су басқан аумақтардан еріген қар суын бұру жұмыстары жалғасуда. Есіл өзенінің су деңгейінің көтерілуіне байланысты Есіл ауданының Покровка, Николаевка, Петровка ауылдарында 56 жеке тұрғын үй су астында қалды, үйлердің тұрғындары туыстарының үйлеріне өздігінен эвакуацияланды. Еріген қар суының келуіне байланысты Айыртау ауданының Янко ауылында, Қызылжар ауданының Семей ауылында, Петропавл қаласының Заречный кентінде 6 жеке

тұрғын үй су астында қалды, 66 адам алдын ала эвакуацияланды, еріген қар суын сору және бұру жұмыстары жүргізілуде.

Батыс Қазақстан облысы: Орал өзенінде жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда, 10 мың дана қап төселді, бау-бақша қоғамдарынан алдын ала 3 адам эвакуацияланды.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 24 295 адам, 2 655 бірлік техника, 469 су сору және 139 жүзу құралы, 10 әуе кемесі жұмылдырылды.



11 сәуір

Статистика: Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында 3 524 жеке тұрғын үй, 502 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 8,8 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 1,4 млн. қапшық және 1,1 млн. тонна инертті материал төселді. 2 750 тұрғын үй мен 1 899 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері 97 852 адам, оның ішінде 32 856 бала құтқарылды және эвакуацияланды. Тартылған әуе кемелерімен 2 823 адам, оның ішінде 865 бала құтқарылды. Уақытша орналасу пункттеріне 7 173 адам, оның ішінде 3 494 бала орналастырылды. 88 561 мың ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды. «Жедел желі» телефонына 1 294 қоңырау түсті, психологтар зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсетуде.

Су жүрген 107 автожол, су шайған 112 автожол, оның ішінде 9 көпір және 103 жол төсемі бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 68 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақмола облысы: Қосшы, Жарқайың, Есіл, Целиноград, Шортанды, Ақкөл, Астарахан, Атбасар және Біржан сал аудандарындағы су басқан аумақтардан еріген қар суын бұру жұмыстары жалғасуда. Қардың тез еруі

және Жабай, Қалқұтан, Боқсық, Жолболды өзендерінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Сандықтау ауданының Максимовка ауылында, Атбасар ауданының Покровка ауылында, Жарқайың ауданының Державинск қаласында, Пригородное, Костычево ауылдарында, Астрахан ауданының Ескі Қалқұтан ауылында, Бұланды ауданының Журавлевка және Ивановка ауылдарында 100 аула аумағы мен 68 жеке тұрғын үй су астында қалды, 80 адам алдын ала эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды, 74 ауыл шаруашылық жануары қауіпсіз жерге айдалды. Бұланды ауданының Ивановка ауылында адамдар эвакуациялануда. Өзендер деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы: Петропавл, Есіл, Қызылжар, Жамбыл және Шал ақын аудандарындағы су басқан аумақтардан еріген қар суын бұру жұмыстары жалғасуда. Қардың тез еруі және еріген қар суының келуіне байланысты Тимирязев ауданының Степное ауылында 2 жеке тұрғын үй мен 4 аула аумағы су астында қалды. 14 адам, оның ішінде 6 бала эвакуацияланды, туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Шығыс Қазақстан облысы: Алтай ауданының Соловьево ауылында жауын-шашынның көп түсуіне және Березовка өзені су деңгейінің көтерілуіне байланысты 2 жеке тұрғын үй мен 24 аула аумағы су астында қалды. 31 адам эвакуациялау пунктінде эвакуацияланды. Суды бұру жұмыстары жүргізілуде.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 24 225 адам, 2 881 бірлік техника, 482 су сору және 122 жүзу құралы, 15 әуе кемесі жұмылдырылды.

шығарылды. Зардап шеккен өңірлерге 1 мың тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында 3 563 жеке тұрғын үй, 563 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 9 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 1,6 млн. қапшық және 1,2 млн. тонна инертті материал төселді. 3 052 тұрғын үй мен 1 935 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері 99 869 адам, оның ішінде 36 591 бала құтқарылды және эвакуацияланды. Тартылған әуе кемелерімен 2 960 адам, оның ішінде 935 бала құтқарылды. 9 343 адам үйлеріне оралды. Уақытша орналасу пунктеріне 6 586 адам, оның ішінде 3 197 бала орналастырылды. 98 106 ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды. «Жедел желі» телефонына 1 350 қоңырау түсті, психологтар зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсетуде.

Су жүрген 107 автожол, су шайған 116 автожол, оның ішінде 9 көпір және 107 жол төсемі бақылауда қалуда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 66 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақмола облысы: қардың тез еруі және Жабай, Боқсық, Жолболды, Қалқұтан өзендерінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Атбасар ауданының Атбасар қаласында, А.Құрманов, Шуйское, Борисовка, Тимашевка ауылдарында, Бұланды ауданының Журавлевка, Ивановка, Капитоновка ауылдарында, Астрахан ауданының Қалқұтан станциясы, Ескі Қалқұтан, Жаңатұрмыс ауылдарында 294 жеке тұрғын үй су астында қалды, 475 адам алдын ала эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды, 756 үй жануары және құстары қауіпсіз жерге айдалды. Су бұру және сору жұмыстары жүргізілуде. Су басқан үйлерді есептеу және адамдарды эвакуациялау жұмыстары жалғастырылуда. Өзендер деңгейіне мониторинг жүргізіледі.



12 сәуір

Статистика: 8 облыстағы сутасқынын жою үшін мемлекеттік материалдық резервтен арнайы және инженерлік техникалар, төсек-орын жабдықтары, далалық ас үйлер, наубайханалар, шатырлар броньнан

Солтүстік Қазақстан облысы: Қызылжар ауданының Боголюбово ауылында жауын-шашынның көп түсуіне және Есіл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты 18 жеке тұрғын үй мен 4 аула аумағы су астында қалды. 14 адам, оның ішінде 6 бала эвакуацияланды, олар туыстарына орналастырылды.

Атырау облысы: Құлсары қаласынан эвакуацияланған азаматтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік материалдық резервтен 264 тонна азық-түлік броньнан шығарылды.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 34 272 адам, 3 790 бірлік техника, 762 су сору және 200 жүзу құралы, 17 әуе кемесі жұмылдырылды.



13 сәуір

Қауіп жоғары

Қауіп орташа

Жағдай тұрақталып келеді

Қауіп жоқ

13 сәуірдегі ҚР ТЖМ ақпараты

Статистика: Зардап шеккен өңірлерге 1,1 мың тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында 3 957 жеке тұрғын үй, 942 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 9,1 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 1,7 млн. қапшық және 1,2 млн. тонна инертті материал төселді. 3 129 тұрғын үй мен 2 033 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері 102 328 адам, оның ішінде 37 537 бала құтқарылды және эвакуацияланды. Тартылған әуе кемелерімен 3 246 адам, оның ішінде 1 068 бала құтқарылды. 10 120 адам үйлеріне оралды. Уақытша орналасу пункттеріне 6 757 адам, оның ішінде 3 148 бала орналастырылды. 102 156 ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды. «Жедел желі» телефонына 1 532

қоңырау түсті, психологтар зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсетуде.

Су жүрген 98 автожол, су шайған 107 автожол, оның ішінде 9 көпір және 100 жол төсемі бақылауда қалуда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 73 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақмола облысы: Боқсық, Қалқұтан, Есіл өзендерінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Бұланды ауданының Журавлевка ауылында, Астрахан ауданының Жаңатұрмыс, Қалқұтан, Ескі Қалқұтан, Ягодное ауылдарында 73 жеке тұрғын үй, Жақсы ауданының Қима және Алғабас ауылдарында, Атбасар ауданының Самара ауылында 8 аула аумағы су астында қалды. 136 адам алдын ала эвакуацияланды, олар эвакуациялау пункттері мен туыстарының үйлеріне орналастырылды. Су тасқынына қарсы іс-шаралар және халыққа көмек көрсету жұмыстары жалғастырылуда. Өзендер деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы: Есіл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне және қорғаныш үйіндісінің шайылуына байланысты Қызылжар ауданының Тепличное, Надёжка ауылдарында 61 жеке тұрғын үй су астында қалды. Сонымен қатар Бәйтерек, Бескөл, Кривозёрка елді мекендерінен тұрғындар алдын ала эвакуацияланды.

Ақтөбе облысы: Торғай өзенінде су деңгейінің жоғарылауына байланысты әуе кемесімен Мамыр және Нұра елді мекендерінен Ырғыз ауылына тұрғындарды алдын ала эвакуациялау жүргізілді. Барлығы 233 адам, оның ішінде 131 бала эвакуацияланды. Мамыр ауылының айналасындағы құмнан жасалған қорғаныш үйіндісінің шайылуына байланысты 10 аула аумағы су астында қалды. Нұра, Мамыр, Жайсанбай және Тәуіп елді мекендерінде жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 34 272 адам, 3 790 бірлік

техника, 762 су сору және 200 жүзу құралы, 17 әуе кемесі жұмылдырылды.



14 сәуір

Статистика: Зардап шеккен өңірлерге 1 400 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 4 870 жеке тұрғын үй, 1 264 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 9,3 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 1,9 млн. қапшық және 1,2 млн. тонна инертті материал төселді. 3 402 тұрғын үй мен 2 041 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері 107 119 адам, оның ішінде 38 457 бала құтқарылды және эвакуацияланды. Тартылған әуе кемелерімен 3 458 адам, оның ішінде 1 138 бала құтқарылды. 11 674 адам үйлеріне оралды. Уақытша орналасу пунктеріне 7 414 адам, оның ішінде 3 173 бала орналастырылды. 103 146 ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды. «Жедел желі» телефонына 1 618 қоңырау түсті, психологтар зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсетуде.

Су жүрген 103 автожол, су шайған 109 автожол, оның ішінде 9 көпір және 100 жол төсемі бақылауда қалуда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 84 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақмола облысы: Жабай, Қалқұтан, Есіл өзендерінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Сандықтау ауданының Быстрымовка, Сандықтау, Каменка, Балкашино ауылдарында, Астрахан ауданының Еңбек, Қалқұтан, Ягодное ауылдарында, Атбасар ауданының Самара ауылында жеке тұрғын үйлерді су басу қаупі туындады және су астында қалды. 242 адам алдын ала эвакуацияланды, олар эвакуациялау пункттері мен туыстарының үйлеріне орналастырылды. Су тасқынына қарсы іс-шаралар және халыққа көмек көрсету жұмыстары жалғастырылуда. Өзендер деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы: Есіл

өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Петропавл қаласының Подгора және Хромзауыт шағын аудандарында, Қызылжар ауданының Тепличное, Бескөл, Прибрежное ауылдарында 1 068 жеке тұрғын үй су астында қалды. 3 684 адам алдын ала эвакуацияланды. Су тасқынын жою және эвакуациялау жұмыстары жалғастырылуда.

Ақтөбе облысы: Торғай өзенінде су деңгейінің жоғарылауына байланысты әуе кемесімен Ырғыз ауданының Мамыр, Нұра және Белшер елді мекендерінен тұрғындарды алдын ала эвакуациялау жүргізілді. Барлығы 121 адам эвакуацияланды. Нұра, Мамыр, Жайсанбай және Тәуіп елді мекендерінде жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 35 339 адам, 3 450 бірлік техника, 744 су сору және 257 жүзу құралы, 14 әуе кемесі жұмылдырылды.



15 сәуір

Статистика: Зардап шеккен өңірлерге 1 400 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 5 411 жеке тұрғын үй, 1 607 аула аумағы су астында қалуда. Бірлескен күштермен 9,5 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 2,2 млн. қапшық және 1,2 млн. тонна инертті материал төселді. 3 503 тұрғын үй мен 2 157 аула аумағынан су бұрылды.

Су тасқыны басталғалы бері 111 194 адам, оның ішінде 39 222 бала құтқарылды және эвакуацияланды. Тартылған әуе кемелерімен 3 575 адам, оның ішінде 1 157 бала құтқарылды. 11 950 адам үйлеріне оралды. Уақытша орналасу пунктеріне 6 814 адам, оның ішінде 2 995 бала орналастырылды. 106 551 ауыл шаруашылық жануар қауіпсіздік жерге айдалды. «Жедел желі» телефонына 1 716 қоңырау түсті, психологтар зардап шеккен адамдарға психологиялық көмек көрсетуде.

Су жүрген 103 автожол, су шайған 80

автожол, оның ішінде 9 көпір және 71 жол төсемі бақылауда қалуда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 82 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақмола облысы: Есіл, Қоңыр өзендерінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Атбасар ауданының Самара ауылында, Жарқайың ауданының Пригородное, Құмсуат ауылдарында, Бұланды ауданының Новобратск, Никольск ауылдарында 101 жеке тұрғын үй мен 42 аула аумағы су астында қалды. 163 адам алдын ала эвакуацияланды, олар эвакуациялау пункттері мен туыстарының үйлеріне орналастырылды. Су тасқынына қарсы іс-шаралар және халыққа көмек көрсету, эвакуациялау жұмыстары жалғастырылуда. Өзендер деңгейіне мониторинг жүргізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы: Есіл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне және су басу қаупіне байланысты Петропавл қаласының Борки шағын ауданында, Хромзауыт шағын ауданы жанындағы Карьерная көшесінде, Қызылжар ауданының Соколовка, Большая малышка ауылдарында 85 жеке тұрғын үй су астында қалды. 1 003 адам алдын ала эвакуацияланды, олар эвакуациялау пункттері мен туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Ақтөбе облысы: Торғай өзенінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Ырғыз ауданының Нұра ауылында 10 жеке тұрғын үй су астында қалды. 655 адам Ырғыз ауылына алдын ала эвакуацияланды. Сонымен қатар тікұшақ Жайсанбай, Құйылыс ауылдарына 2100 кг азық-түлік және 1600 литр ЖЖМ жеткізілді. Барлығы 121 адам эвакуацияланды. Нұра, Мамыр, Жайсанбай және Тәуіп елді мекендерінде жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, МКҚ, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 33 334 адам, 4 066 бірлік техника, 835 су сору және 275 жүзу құралы, 11 әуе кемесі жұмылдырылды.



16 сәуір

Статистика: Бүгінгі күні 13 543 адам өз үйлеріне оралды. 7 014 адам, оның ішінде 3 144 бала эвакуациялау пункттерінде.

Су тасқыны басталғалы бері барлығы 113 693 адам, оның ішінде 39 922 бала, оның ішінде тартылған әуе кемелерімен 3 649 адам, оның ішінде 1 168 бала құтқарылып, эвакуацияланды. 107 613 ауыл шаруашылық жануарлары қауіпсіз жерге айдалды.

Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 3 570 тұрғын үй мен 2 195 аула аумағынан су бұрылды. 5 708 жеке тұрғын үй, 1 609 аула аумағы су астында қалуда. 9,7 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 2,4 млн. қапшық және 1,2 млн. тонна инертті материал төселді.

Зардап шеккен өңірлерге 1 445 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Су жүрген 91 автожол, су шайған 64 автожол, оның ішінде 9 көпір және 55 жол төсемі бақылауда қалуда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған 74 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды.

Ақмола облысы: Есіл, Жабай өзендерінде су деңгейінің көтерілуіне байланысты Жарқайың ауданының Гастелло ауылында, Жақсы ауданының Ишимское ауылында, Сандықтау ауданының Каменка ауылында 28 жеке тұрғын үй су астында қалды. 74 адам алдын ала өздігінен эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Солтүстік Қазақстан облысы: Есіл өзенінде су деңгейінің көтерілуіне және су басу қаупіне байланысты Қызылжар ауданының Соколовка, Большая малышка, Кустовое, Вагулина, Красноярка ауылдарында 22 жеке тұрғын үй су астында қалды. 400-ге жуық адам алдын ала эвакуацияланды, олар эвакуациялау пункттері мен туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Жамбыл облысы: Жамбыл ауданының Жасөрген ауылында және Түркістан облысы Кентау қаласында жауын-шашынның

көп түсуіне байланысты 6 жеке тұрғын үй мен 41 аула аумағы су астында қалды. Түркістан облысында су айдау жұмыстары толық көлемде аяқталды, 1025 текше метр су сорылды. Жамбыл облысында су айдау жұмыстары жалғасуда.

Құтқарушылар құрамы: Бүгінгі таңда апатты-құтқару жұмыстарына ТЖМ, Қорғаныс министрлігі, ІІМ, ҰҚК, МКҚ, әкімдіктер мен ұйымдардан тәулік бойы 34 мыңнан астам адам, 4 мыңнан астам техника, 890 сорғы және 335 жүзу құралы, 19 өуе кемесі тартылды.



17 сәуір

Статистика: Бүгінгі күні 16 мың адам өз үйлеріне оралды. 6 950 адам, оның ішінде 3 113 бала эвакуациялау пункттерінде.

Жедел шаралардың арқасында ТЖ аймақтарынан тұрғындар мен үй жануарларын эвакуациялау алдын ала жүргізілді. Су тасқыны басталғалы бері барлығы 116 949 адам, оның ішінде 40 781 бала, оның ішінде тартылған өуе кемелерімен 3 878 адам, оның ішінде 1 501 бала құтқарылып, эвакуацияланды. 112 539 ауыл шаруашылық жануарлары қауіпсіз жерге айдалды.

Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 3 709 тұрғын үй мен 2 475 аула аумағынан су бұрылды. 5 837 жеке тұрғын үй, 1 353 аула аумағы су астында қалуда. 9,8 млн. астам текше метр еріген қар суы сорылды, 2,9 млн. қапшық және 1,4 млн. тонна инертті материал төселді.

Су жүрген 81 автожол, су шайған 69 автожол, оның ішінде 10 көпір және 59 жол төсемі бақылауда қалуда. 72 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды, оларға қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорлары құрылды.

Солтүстік Қазақстан облысы: Есіл өзені су деңгейінің көтерілуіне байланысты Қызылжар ауданының Кустовое, Вагулина, Красноярка, Соколовка, Долматово ауылдарынан алдын ала эвакуациялау

жұмыстары жалғасуда, 27 жеке тұрғын үй су астында қалды. Барлығы 2 465 адам эвакуацияланды, олар эвакуациялау пункттеріне және туыстарының үйлеріне орналастырылды. Сонымен қатар Петропавл қаласының Подгора шағын ауданында 211 жеке тұрғын үй мен бір ғимарат су астында қалды. Тұрғындар алдын ала эвакуацияланды. Есіл өзенінің деңгейіне мониторинг жалғасуда.

Ақтөбе облысы: Ырғыз ауданының Құйлыс ауылынан өуе кемесі арқылы алдын ала Ырғыз ауылының уақытша орналастыру пунктіне 96 адам эвакуацияланды және 2 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді. Құйлыс ауылында Торғай өзенінің жағалауын нығайту жұмыстары жалғасуда. Нұра ауылында 24 жеке тұрғын үй су астында қалды.

Батыс Қазақстан облысы: Орал қаласының саяжай алаптарынан алдын ала 40 адам эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды. Қаратөбе және Казталов аудандарының Қаратөбе және Жалпақтал елді мекендерінен Қалдығайты және Қараөзен өзендері арқылы жүзу құралдарының көмегімен 223 адам тасымалданды. Орал өзенінде қорғаныс бөгеттерін салу, нығайту және су деңгейін бақылау жұмыстары жалғасуда.

Ақмола облысы: Жақсы ауданының Есіл ауылында 6 жеке тұрғын үй су астында қалды. Тұрғындар алдын ала эвакуацияланды.

Қостанай облысы: Жангелдин ауданының Тәуіш ауылынан Торғай ауылына жүзу құралдары мен тікұшақ көмегімен тұрғындар тасымалданды, 2 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Түркістан облысы: таулы аудандарда жауын-шашынның мол түсуіне және таудың баурайындағы су ағынына байланысты Бәйдібек ауданының Ақбастау ауылында 17 аула аумағы су астында қалды. Қапшықтарды төсеу, арық жүйесін тазарту және суды бұру жұмыстары жүргізілді. Елді мекенге қауіп жоқ.

Жамбыл облысы: жауын-шашынның көп

түсуіне байланысты Жамбыл ауданының Жасөрген ауылында 30 аула аумағы мен ғимарат су астында қалды. Су басқан аумақтардан су толық көлемде сорылды, барлығы 7138 текше метр.

Құтқарушылар құрамы: Тәулік бойы авариялық-құтқару жұмыстарына ТЖМ, ҚМ, ІІМ, ҰҚК, МКҚ, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың 46 417 адам, 4 351 бірлік техника, 873 су сору және 308 жүзу құралы, 16 әуе кемесі жұмылдырылды.



18 сәуір

Статистика: Жүргізілген су тасқынына қарсы-шаралардың арқасында 18651 адам өз үйлеріне оралды. Жедел шаралардың арқасында ТЖ аймақтарынан тұрғындар мен жануарларды эвакуациялау алдын ала жүргізілді. Су тасқыны басталғалы бері барлығы 117 694 адам, оның ішінде 43 931 бала құтқарылып, эвакуацияланды. 113 852 ауыл шаруашылық жануары қауіпсіз жерге айдалды.

6 887 адам, оның ішінде 3 166 бала эвакуациялау пункттерінде. 4 216 тұрғын үй мен 2 698 аула аумағынан судың бағыты бұрылды. 10,1 млн астам текше метр еріген қар суы сорып шығарылды, 3,2 млн қапшық және 1,4 млн астам тонна инертті материал төселді.

Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 5 718 жеке тұрғын үй, 1 130 аула аумағы су астында қалуда.

Су жүрген 61 автожол, су шайған 66 автожол, оның ішінде 10 көпір және 56 жол төсемі бақылауда қалуда. 60 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды, оларға қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорлары құрылды.

Солтүстік Қазақстан облысы: қардың қарқынды еруіне байланысты Тимирязев ауданының Тимирязев ауылдарында, Қызылжар ауданының Соколовка, Барневка, Долматов ауылдарында, Петропавл қаласының Подгора, Кожевенный шағын аудандарында, Заречный кентінде

386 жеке тұрғын үй су астында қалды. Тұрғындар алдын ала эвакуацияланды. Тартылған күштермен және құралдармен су сору жұмыстары жүргізілуде. Қызылжар ауданының Вагулино, Кустовое, Красноярка ауылдарына қауіпті аймақтан 180 ауыл шаруашылығы жануары қауіпсіз жерге айдалды. «Петропавл-Жезқазған» республикалық маңызы бар автожолдар арқылы судың жүруіне байланысты 2000 адам тасымалданды. Медициналық қызметке үш науқасты тасымалдауға көмек көрсетілді. 62 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді. Есіл өзенінің деңгейіне мониторинг жалғасуда.

Ақтөбе облысы: Ырғыз ауданында Құйлыс және Нұра ауылдарынан Ырғыз ауылына әуе кемелерімен алдын ала 201 адам уақытша орналастыру пункттеріне эвакуацияланды, сондай-ақ Белшер ауылына 1 тонна гуманитарлық көмек және 0,2 тонна жанар-жағармай жеткізілді. Құйлыс ауылында Торғай өзенінде жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда.

Батыс Қазақстан облысы: Орал қаласының саяжай алаптарынан алдын ала 22 адам эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды. Қаратөбе және Казталов аудандарының Қаратөбе және Жалпақтал елді мекендерінен Қалдығайты, Қараөзен өзендері арқылы жүзу құралдарымен 236 адам жөнелтілді. Орал өзенінде қорғаныс бөгеттерін салу, нығайту және су деңгейін бақылау жұмыстары жалғасуда.

Ақмола облысы: Жарқайың ауданының Львовское ауылында Есіл өзені су деңгейінің көтерілуіне байланысты 4 жеке тұрғын үй су астында қалды. 10 адам эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Қостанай облысы: Жангелді ауданының Байтұрсынов ауылынан Торғай ауылына 2 тонна гуманитарлық көмек жеткізіліп, 6 тұрғын жөнелтілді.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға азаматтық қорғау

қызметтерінен 44 156 адам, 4 611 техника, 860 су сору құралы, 332 жүзу құралы, 18 әуе кемесі жұмылдырылды, сондай-ақ волонтерлер де белсенді қатысуда.

19 сәуір

Статистика: Жүргізілген су тасқынына қарсы іс-шаралардың арқасында 19 715 адам өз үйлеріне оралды. Жедел шаралармен ТЖ аймақтарынан тұрғындар мен жануарларды эвакуациялау алдын ала жүргізілді. Су тасқыны басталғалы бері барлығы 118 180 адам, оның ішінде 44 254 бала құтқарылып, эвакуацияланды. 113 852 ауыл шаруашылық жануары қауіпсіз жерге айдалды.

8 821 адам, оның ішінде 3 885 бала эвакуациялау пункттерінде. 4 370 тұрғын үй мен 2 737 аула аумағынан судың бағыты бұрылды. 10,5 млн астам текше метр еріген қар суы сорып шығарылды, 3,4 млн қапшық және 1,4 млн астам тонна инертті материал төселді.

Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында 5 989 жеке тұрғын үй, 1 091 аула аумағы су астында қалуда.

Зардап шеккен өңірлерге теміржол, автомобиль көліктерімен және әуе кемелерімен 4 529 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Су жүрген 60 автожол, су шайған 63 автожол, оның ішінде 10 көпір және 53 жол төсемі бақылауда қалуда. 44 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды, оларға қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорлары құрылды.

Ақмола облысы: қардың қарқынды еруіне және Есіл өзені су деңгейінің көтерілуіне байланысты Есіл ауданының Двуречное ауылында 10 жеке тұрғын үй су астында қалды. 47 адам алдын ала эвакуацияланды, олар туыстарының үйлеріне орналастырылды.

Ақтөбе облысы: Ырғыз ауданының Құйлыс ауылынан Ырғыз ауылына әуе кемелерімен алдын ала 25 адам уақытша

орналастыру пунктіне эвакуацияланды. Белшер және Мамыр ауылдарына 500 литр жанар-жағармай және 2 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді. Құйлыс ауылында Торғай өзенінде жағалауды нығайту жұмыстары жалғасуда.

Солтүстік Қазақстан облысы: Петропавл қаласының Подгора шағын ауданында, Кожевенный кентінде 348 жеке тұрғын үйді, сондай-ақ 3031 саяжай құрылысы су астында қалды. Тұрғындар алдын ала эвакуацияланды. Есіл өзенінің су деңгейіне мониторинг жүргізілуде. ТЖД және ЖАО қызметтері Петропавл қаласының және облыс аудандарының эвакуациялық пункттерінде орналасқан тұрғындарға психологиялық көмек көрсетуде.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға азаматтық қорғау қызметтерінен 44 137 адам, 4 642 техника, 858 су сору құралы, 341 жүзу құралы, 12 әуе кемесі жұмылдырылды, сондай-ақ волонтерлер де белсенді қатысуда.

20 сәуір

Статистика: 21 494 адам өз үйлеріне оралды. 8 786 адам, оның ішінде 3 814 бала эвакуациялау пункттерінде.

Су тасқыны басталғалы бері барлығы 118 507 адам, оның ішінде 44 407 бала құтқарылып, эвакуацияланды.

Еліміздің орталық және солтүстік өңірлерінде су тасқыны жағдайы тұрақталуына байланысты су тасқыны қауіпті өңірлерге жұмылдырылған ТЖМ күштері мен құралдарының бір бөлігі тұрақты орналасу орындарына оралуда. Ресей Федерациясы жағынан Жайық және Есіл өзендерінің арналарында судың көтерілу болжамына байланысты Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары ерекше бақылауда.

4 534 тұрғын үй мен 2 763 аула аумағынан судың бағыты бұрылды. 10,9 млн астам текше метр еріген қар суы сорып шығарылды, 3,7 млн қапшық және 1,4 млн астам тонна инертті материал төселді.

Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Атырау,

Солтүстік Қазақстан облыстарында 5 862 жеке тұрғын үй, 1 065 аула аумағы су астында қалуда.

Зардап шеккен өңірлерге теміржол, автомобиль көліктерімен және әуе кемелерімен 5 029 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

Су жүрген 40 автожол, су шайған 61 автожол, оның ішінде 10 көпір және 51 жол төсемі бақылауда қалуда. 44 елді мекен көлік қатынасынсыз қалуда, оларға қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорлары құрылды.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және сутасқынына қарсы жұмыстарға азаматтық қорғау қызметтерінен 31 942 адам, 4 593 техника, 797 су сору құралы, 325 жүзу құралы, 14 әуе кемесі жұмылдырылды.

21 сәуір

Статистика: Батыс Қазақстан және Атырау облыстарына Жайық өзені арқылы Ресей Федерациясы жағынан туындайтын су тасқынының екінші толқыны ерекше бақылауда қалуда.

Өткен тәулікте Батыс Қазақстан облысында 81 523 қапшық және 2 770 тонна инертті материал төселді, бөгеттердің іргесін көтеру және нығайту жұмыстары жалғасуда.

Атырау облысында 824 мың қапшық және 2 700 тонна инертті материал төселді, 4 424 км бөгет тұрғызылды, бөгеттердің іргесін нығайту жұмыстары жалғасуда.

22 734 адам өз үйлеріне оралды. 8 809 адам, оның ішінде 3 828 бала эвакуациялау пункттерінде.

4 536 тұрғын үй мен 2 767 аула аумағынан судың бағыты бұрылды. 11,2 млн астам текше метр еріген қар суы сорып шығарылды, 4,6 млн қапшық және 1,4 млн астам тонна инертті материал төселді.

Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында үйлер мен аумақтардан су сору жұмыстары жалғасуда.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы

жұмыстарға 36 484 адам, 5 083 техника, 888 су сору құралы, 381 жүзу құралы, 16 әуе кемесі жұмылдырылды.

22 сәуір

Батыс Қазақстан облысы: Жайық өзенінің су деңгейіне мониторинг жалғасуда, азаматтарды құлақтандыру және телерадио арқылы хабарландыру әр 4 сағат сайын жалғасуда. Өңірлерден ТЖ министрлігінің қосымша күштерімен құралдар тартылуда. Келген күштер мен құралдар учаскелерге бөлініп, жұмысқа кірісті. Орал қаласының «Стеновик» бау-бақша қоғамынан 4 адам құтқарылып, 61 адам эвакуацияланды. Қалған тұрғындар бұған дейін алдын ала эвакуацияланған болатын. 1497 адам уақытша орналастыру пункттерінде, қалған тұрғындар туыстарының үйлеріне орналастырылды. Саяжай үйлерде қалып қойған тұрғындардың бар-жоғын тексеру мақсатында аралау жалғасуда.

23 085 адам өз үйлеріне оралды. 8 872 адам, оның ішінде 3 852 бала эвакуациялау пункттерінде.

4 554 тұрғын үй мен 2 767 аула аумағынан судың бағыты бұрылып, су сорылды. 11,4 млн астам текше метр еріген қар суы сорып шығарылды, 5,3 млн қапшық және 1,4 млн астам тонна инертті материал төселді.

Ақмола, Ақтөбе, Атырау және Солтүстік Қазақстан облысында 5 842 жеке тұрғын үй мен 1 061 аула аумағынан судың бағытын бұру және су сору жұмыстары жалғасуда.

Су жүрген 32 автожол, су шайған 56 автожол, оның ішінде 9 көпір және 45 жол төсемі бақылауда қалуда. 32 елді мекен көлік қатынасынсыз қалуда, оларға қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорлары құрылды.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға 33 852 адам, 4 973 техника, 874 су сору құралы, 389 жүзу құралы, 14 әуе кемесі жұмылдырылды.

23 сәуір

Батыс Қазақстан облысы: Жайық өзенінде су деңгейінің көтерілуі сақталуда. Жұмылдырылған күштер мен құралдар қапшықтарды төсеу, қорғау бөгеттерін салу және су басқан аумақтан су сору жұмыстарын жалғастыруда. Барлық кезек күттірмейтін шаралар қабылдануда.

Атырау облысы: Жылыой ауданының Құлсары қаласында су басқан үйлер мен аумақтардан суды сору және судың бағытын бұру, Жайық өзені бойында жағалауды бекіту жұмыстары жалғастырылуда.

Солтүстік Қазақстан облысы: су тасқыны жағдайы тұрақты күрделі. Су басқан үйлер мен аумақтардан суды сору жұмыстары, Есіл өзеніндегі судың деңгейіне мониторинг жалғасуда.

Республика бойынша 26 785 адам өз үйлеріне оралды. 8 795 адам, оның ішінде 3 828 бала эвакуациялау пункттерінде. 4 708 тұрғын үй мен 2 774 аула аумағынан судың бағыты бұрылып, су сорылды.



24 сәуір

Орал қаласында Жайық өзенінің су деңгейі біртіндеп төмендеп жатқаны байқалады, су деңгейіне мониторинг жалғасуда. Қазіргі уақытта үйлерді су басу оқиғасы тіркелген жоқ. Саяжайда қалып қойған тұрғындардың бар-жоғын тексеру үшін аралау жұмысы жалғасуда.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға 32 мыңнан астам адам, 4 мың техника, 773 су сору құралы, 294 жүзу құралы, 13 әуе кемесі жұмылдырылды.

Жалпы статистика: Су астында қалып отыр: 4 948 жеке тұрғын үйлері, 1 054 аула аумақтары, 17 900 саяжай үйлері, 97 әр түрлі мақсаттағы бір ғимарат

119 095 адам құтқарылды және эвакуацияланды, оның ішінде 344 мүмкіндігі шектеулі адам және 44 731 бала.

Уақытша орналастыру пункттерінде 8 527 адам бар, оның 3 704-ы балалар. 78 630 адам туыстарын паналауда, 31 938 адам үйлеріне оралды. 134 163 бас ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз

қашықтыққа айдалды. Ауыл шаруашылығы жануарларының қырылуы 8 119 басты құрады.

23 автокөлік жолын су алуы тіркелді. Бақылауда 55 автокөлік жолын су алуы бар, оның ішінде 9-ы көпір. Көлік қатынасы жоқ — 26 елді мекен.

Әуе, т/ж және автомобиль көлігімен 5 532 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

ТЖМ мен әкімдіктердің күшімен 11 830 мың м³ астам еріген қар суы сорылып, 5 595 мыңнан астам қап пен 1 504 мың тонна инертті материал төселді.



25 сәуір

Батыс Қазақстан облысы: Ақжайық, Бөйтерек, Бөрлі, Теректі аудандарында Жайық өзенінің су деңгейіне мониторинг жалғасуда, су деңгейі біртіндеп төмендеп жатқаны байқалады. Қазіргі уақытта үйлерді су басу оқиғасы тіркелген жоқ. Саяжайда қалып қойған тұрғындардың бар-жоғын тексеру үшін аралау жұмысы жалғасуда.

Атырау облысы: Жайық өзені бойындағы ықшам аудандарда және Еркінқала, Алмалы, Атырау, Дамбы, Қайыршақты ауылдық округтерінде және Береке ауылында бөгеттерді нығайту жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатыр. Ұзындығы 229,6 км қорғаныс бөгеттерін нығайту жүргізілді.

Қызылорда, Маңғыстау облыстарының төтенше жағдайлар департаменттерінің жеке құрамы және ТЖМ Қарағанды қаласы 52859 әскери бөлімінен құрылған жиынтық топтардың көмекке келген күштері мен құралдары су тасқынына қарсы іс-шаралар жүргізу үшін Батыс Қазақстан облысынан Атырау облысына жіберілді.

Солтүстік Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарында 5 987 тұрғын үй мен 2 584 аула аумағынан судың бағыты бұрылып, су сорылды. Республика бойынша 31 416 адам өз үйлеріне оралды.

8 560 адам, оның ішінде 3 717 бала эвакуациялау пункттерінде.

11,9 млн астам текше метр еріген қар суы сорып шығарылды, 5,6 млн қапшық және 1,5

млн астам тонна инертті материал төселді.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға 31 мыңнан астам адам, 4 мың техника, 763 су сору құралы, 298 жүзу құралы, 14 әуе кемесі жұмылдырылды.[16]

26 сәуір

Батыс Қазақстан облысы: жағдай тұрақталды. Су басқан саяжай аумақтарына мониторинг жүргізу жалғасуда. Төтенше жағдайлар және полиция департаментінің қызметкерлері бірлесіп, су басқан аумақтарды патрульдеуде.

Көмекке келген Ақтөбе, Түркістан облыстары төтенше жағдайлар департаменттерінің жеке құрамынан құрылған жиынтық топтардың күштері мен құралдары Жайық өзенінің бойында орналасқан елді мекендерде су тасқынына қарсы іс-шаралар жүргізу үшін Батыс Қазақстан облысынан Атырау облысына жіберілді.

Атырау облысы: Жайық өзенінің мониторингі жалғасуда, судың деңгейі көтерілгені байқалады. Су тасқынынан қорғау мақсатында Атырау қаласында бөгеттерді нығайту жұмыстары үздіксіз жүргізіліп жатыр. Бүгінгі таңда ұзындығы 240 км қорғаныс бөгеттерін нығайту жүргізілді. Бұған дейін көмекке келген күштер мен құралдар учаскелерге бөлініп, қажетті жұмыстарды атқаруда.

Солтүстік Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарында 6 082 тұрғын үй мен 2 584 аула аумағынан судың бағыты бұрылып, су сорылды. Республика бойынша 35 122 адам өз үйлеріне оралды. 8 520 адам эвакуациялау пункттерінде.

Құтқарушылар құрамы: Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға 25 мыңнан астам адам, 3 мың техника, 634 су сору құралы, 268 жүзу құралы, 14 әуе кемесі жұмылдырылды.[16]

27 сәуір

Жалпы статистика: Су астында қалып отыр: 4 978 жеке тұрғын үйлер, 844 аула аумақтары, 17 900 саяжай үйлері, 97 әр түрлі мақсаттағы бір ғимарат

119 220 адам құтқарылды және эвакуацияланды, оның ішінде 344 мүмкіндігі шектеулі адам және 44 776 бала. Уақытша орналастыру пункттерінде 6 909 адам бар, оның 2 835-і балалар.

75 566 адам туыстарын паналауда, 36 745 адам үйлеріне оралды. 134 678 бас ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз қашықтыққа айдалды. Ауыл шаруашылығы жануарларының қырылуы 8 311 басты құрады.

Бақылауда 47 автокөлік жолын су алуы бар, оның ішінде 9-ы көпір. Көлік қатынасы жоқ — 17 елді мекен. Әуе, т/ж және автомобиль көлігімен 6 337,71 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді. ТЖМ мен әкімдіктердің күшімен 12 354 мың м3 астам еріген қар суы сорылып, 6 050 мыңнан астам қап пен 1 520 мың тонна инертті материал төселді.

Құтқарушылар құрамы: Апаттық-құтқару жұмыстарына 27 165 адам жұмылдырылған.

28 сәуір

Төмендегілер су астында қалып отыр: 4 723 жеке тұрғын үйлер, 844 аула аумақтары, 43 көп қабатты тұрғын үйлер, 18 227 саяжай үйлері, 97 әр түрлі мақсаттағы бір ғимарат

119 220 адам құтқарылды және эвакуацияланды, оның ішінде 344 мүмкіндігі шектеулі адам және 44 776 бала.

Уақытша орналастыру пункттерінде 6 817 адам бар, оның 2 954-і балалар. 75 079 адам туыстарын паналауда, 37 324 адам үйлеріне оралды.

134 732 бас ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз қашықтыққа айдалды. Ауыл шаруашылығы жануарларының қырылуы 8 332 басты құрады.

Бақылауда 45 автокөлік жолын су алуы бар, оның ішінде 9-ы көпір.

Көлік қатынасы жоқ — 17 елді мекен.

29 сәуір

Жалпы статистика: Төмендегілер су астында қалып отыр: 4 696 жеке тұрғын үйлер, 804 аула аумақтары, 43 көп қабатты тұрғын үйлер, 18 227 саяжай үйлері, 97 әр түрлі мақсаттағы бір ғимарат

119 238 адам құтқарылды және эвакуацияланды, оның ішінде 344 мүмкіндігі шектеулі адам және 44 783 бала.

Уақытша орналастыру пункттерінде 6 726 адам бар, оның 2 917-і балалар.

73 991 адам туыстарын паналауда, 38 521 адам үйлеріне оралды.

134 732 бас ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз қашықтыққа айдалды. Ауыл шаруашылығы жануарларының қырылуы 8 403 басты құрады.

Көлік қатынасы жоқ — 17 елді мекен.

Әуе, т/ж және автомобиль көлігімен 6 376,61 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

30 сәуір

Төмендегілер су астында қалып отыр: 4 023 жеке тұрғын үйлер, 804 аула аумақтары, 43 көп қабатты тұрғын үйлер, 18 227 саяжай үйлері, 97 әр түрлі мақсаттағы бір ғимарат

119 238 адам құтқарылды және эвакуацияланды, оның ішінде 344 мүмкіндігі шектеулі адам және 44 783 бала.

Уақытша орналастыру пункттерінде 6 552 адам бар, оның 2 843-і балалар.

73 334 адам туыстарын паналауда, 39 352 адам үйлеріне оралды.

134 732 бас ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз қашықтыққа айдалды. Ауыл шаруашылығы жануарларының қырылуы 8 403 басты құрады.

Бақылауда 42 автокөлік жолын су алуы бар, оның ішінде 9-ы көпір.

Көлік қатынасы жоқ — 14 елді мекен.

1 мамыр

Республика бойынша 41 195 адам өз үйлеріне оралды. 6 377 адам эвакуациялау пункттерінде. Солтүстік Қазақстан, Атырау

және Ақтөбе облыстарында 7 184 тұрғын үй мен 2 844 аула аумағынан судың бағыты бұрылып, су сорылды.

Атырау облысы бақылауда. Жайық өзені су деңгейіне мониторинг жалғастырылуда. Су тасқыны жағдайының мониторингі дронның көмегімен жүзеге асырылады. Бөгеттерді нығайту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Авариялық-құтқару және су тасқынына қарсы жұмыстарға 17 мыңнан астам адам, 1 759 техника, 270 су сору құралы және 167 жүзу құралы, 7 әуе кемесі жұмылдырылды.

2 мамыр

Су тасқынының 2 мамырдағы жағдайы

Су астында қалып отыр: 3 554 жеке тұрғын үйлер, 794 аула аумақтары, 42 көп қабатты тұрғын үйлер, 18 227 саяжай үйлері, 97 әр түрлі мақсаттағы бір ғимарат

119 297 адам құтқарылды және эвакуацияланды, оның ішінде 344 мүмкіндігі шектеулі адам және 44 803 бала.

Уақытша орналастыру пункттерінде 6 338 адам бар, оның 2 637-і балалар.

69 944 адам туыстарын паналауда, 43 015 адам үйлеріне оралды.

136 692 бас ауыл шаруашылығы жануарлары қауіпсіз қашықтыққа айдалды. Ауыл шаруашылығы жануарларының қырылуы 8 642 басты құрады.

13 автокөлік жолын су алуы тіркелді: республикалық маңызы бар — 2, облыстық маңызы бар — 6, жергілікті маңызы бар — 5

Бақылауда 38 автокөлік жолын су алуы бар, оның ішінде 9-ы көпір.

Көлік қатынасы жоқ — 11 елді мекен.

Әуе, т/ж және автомобиль көлігімен 6 682,81 тонна гуманитарлық көмек жеткізілді.

ТЖМ мен әкімдіктердің күшімен 13 636 мың м3 астам еріген қар суы сорылып, 7 685 мыңнан астам қап пен 1 540 мың тонна инертті материал төселді.

Апаттық-құтқару жұмыстарына 14 640 адам жұмылдырылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуі



Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы үндеуімді жолдап отырмын. Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Атқарушы органдар жіберген олқылықтарды түзеу үшін мен шұғыл түрде нақты тапсырмаларды бердім. Қазір барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салуда.

Премьер-Министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Премьер-Министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарды аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда.

Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр.

Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың амандығы.

Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз алапат су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни, жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес.

Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының тапшы болуы, табиғатқа немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет.

Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет.

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабардар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбелеңге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.



Касым-Жомарт Токаев провёл заседание оперативного штаба в связи с паводковой ситуацией в ЗКО



Под председательством Президента состоялось заседание оперативного штаба по чрезвычайной ситуации.

– В настоящее время все соответствующие структуры активно работают. Несколько областей сильно пострадали от наводнения. В ряде регионов повышается уровень паводковых вод. Это стихийное бедствие. Предстоит большая работа. Мы должны сплотиться и

общими силами справиться со стихией. Другого пути нет. Предпринимаются конкретные меры по ликвидации последствий паводков. Ведется профилактическая работа по предупреждению чрезвычайных ситуаций. По моему поручению акимы областей предпринимают активные действия. Проводится большая работа, – сказал Касым-Жомарт Токаев. Глава государства отметил, что паводковая обстановка остается сложной, добавив, что наводнений такого масштаба в прошлом не было. По словам Касым-Жомарта Токаева, похожая ситуация была в 1994 году, однако нынешние наводнения стали более масштабными.

– Я осмотрел регионы, пострадавшие от паводков, видел масштабы бедствия и урон. Имущество людей, инфраструктура сильно пострадали от воды. Смыты дороги и мосты. Сейчас самая главная задача – это реконструкция после того, как основные вопросы будут решены. Я уже дал поручение Правительству подготовить специальный план по строительству новых типовых домов или реконструкции существующих домов. Думаю, с этими вопросами мы справимся. Ситуация, как я уже сказал, тяжелая. Полагаю, что под руководством Правительства, Республиканского штаба акимы областей справятся с этой задачей, – сказал он.

Президент отметил, что прогнозные оценки по области пессимистические и нужно готовиться к ухудшению паводковой ситуации.

– Мы все понимаем, что это природное явление. Произошло увлажнение почвы в результате обильного снеготаяния и глубокого промерзания земли с образованием ледяной корки. Затем потепление, осадки, которые привели к снеготаянию. К сожалению, в текущем году все эти обстоятельства сработали вместе. Нам нужно извлечь уроки. Ежегодная подготовка к паводковому периоду должна начинаться в летне-осенний период и включать в себя три направления работ. Прежде всего, это меры прогнозно-аналитического

характера. Гидрометеорологической службе нужно тщательно анализировать прогнозные данные и формировать сценарии развития ситуации в предстоящий паводковый период, – отметил Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства указал на важность проведения организационно-профилактических, инженерно-технических и оперативных мер, направленных на предупреждение и устранение негативного влияния паводков.

– Проблема нашей страны сейчас состоит в том, что не хватает кадров соответствующего профиля. Данная ситуация обнажила эту проблему. В свое время мы упустили это направление в сфере образования. Сейчас надо возвращаться, в срочном порядке готовить гидротехников, ирригаторов и всех специалистов, которые так или иначе связаны с водой, – заявил Касым-Жомарт Токаев.

Президент поручил Правительству, уполномоченным органам и акимам областей в кратчайшие сроки обеспечить строительство нового жилья и восстановление домов, подлежащих ремонту; принять меры по скорейшему восстановлению коммунальной и социальной инфраструктуры; контролировать ценообразование на социально значимые продукты питания и товары первой необходимости в регионах, в которых произошли паводки.

Отдельно Глава государства остановился на эпидемиологической ситуации, осложнившейся в связи с массовой гибелью животных.

Касым-Жомарт Токаев поручил в дальнейшем уделить приоритетное внимание профилактическим противопаводковым мероприятиям.

– В весенний период следует заблаговременно проводить вывоз снега, рыхление и дробление льда на опасных участках рек, формирование стоков талой воды и другие

необходимые мероприятия. В летне-осенний период обеспечить своевременную очистку, дноуглубление и спрямление русел рек, увеличение мощности имеющихся и строительство новых водопропускных конструкций под автомобильными и железными дорогами. Следует возводить защитные сооружения и водоотводные арычные каналы. Это поручается Республиканскому штабу и в целом Правительству, – сказал Глава государства.

Он также указал на важность строительства водохранилищ для регулирования рек с большим объемом воды, благодаря чему в весенне-летний период будет возможность сохранить необходимый для хозяйства запас воды.

– Для предупреждения природных и техногенных катастроф необходимо предоставить министерству по чрезвычайным ситуациям право осуществлять контроль за центральными и местными исполнительными органами. Это следует закрепить законодательно, – поручил Президент.

Кроме того, Касым-Жомарт Токаев считает необходимым разработать единый алгоритм действий на случай чрезвычайных ситуаций. По его мнению, данный документ должен четко охватывать задачи и действия всех компетентных органов, начиная с объявления режима чрезвычайного положения и заканчивая возмещением ущерба и восстановления имущества.

В ходе заседания с докладами выступили аким Западно-Казахстанской области Нариман Турегалиев, заместитель Премьер-министра Канат Бозумбаев, министр по чрезвычайным ситуациям Чингис Аринов, министр водных ресурсов и ирригации Нуржан Нуржигитов, генеральный директор РГП «Казгидромет» Данара Алимбаева.



Глава государства ознакомился с паводковой ситуацией в Костанайской области

После посещения Северо-Казахстанской области борт Президента вылетел в Костанайскую область. По прибытии Касым-Жомарт Токаев совершил облет подтопленных территорий для ознакомления с текущей ситуацией в регионе. Как сообщил аким Кумар Аксакалов, в связи с паводками была объявлена чрезвычайная ситуация в шести регионах области. Из 492 сел больше всего от наводнения пострадали 11 населенных пунктов. На сегодня ситуация нормализовалась, однако подтопленным остается 51 дом. Кроме того, размыты 4 моста, 7 участков дорог, повреждено 1414 опор линий электропередач. В результате возникли временные проблемы с транспортным сообщением между Костанаем и южными райо-

нами области, а также с электроснабжением в 13 населенных пунктах.

Президент был проинформирован о нынешнем состоянии основных гидротехнических сооружений области, включая Каратомарское, Верхнетобольское и Желкуарское водохранилища. Кумар Аксакалов доложил, что обеспечивается контролируемый сброс воды из водохранилищ в целях предотвращения подтоплений населенных пунктов и инфраструктуры.

В целом, благодаря противопаводковым мероприятиям по укреплению дамб, отсыпке инертных материалов удалось не допустить подтопления города Тобыл, центра Амангельдинского района и других населенных пунктов.



Президент встретился с предпринимателями и волонтерами Костанайской области



Глава государства Касым-Жомарт Токаев:

– Здесь находятся меценаты. Я очень благодарен вам. Это зов души, проявление гражданской ответственности. Вы делаете это не для награды, а по зову сердца...

– У нас есть очень крупные предприниматели, которые входят в список Forbes. С ними будет проведена беседа. Они будут закреплены за каждой областью, районом, селением и отвечать поименно. Это тоже в их интересах. Ведь они будут видеть результаты своих вкладов. Думаю, что и ваши имена как благотворителей, которые помогают своему народу, также не останутся без внимания государства...





Президент в оперативном штабе, развернутом в городе Тобол, встретился с жителями сел Костанайского района, пострадавшими от наводнения

Глава государства Касым-Жомарт Токаев:

– Я приехал специально встретиться с вами. Понимаю, положение тяжелое. Все ресурсы, которые имеются у государства, направляются на решение соответствующей задачи. Я как Президент вижу своей приоритетной задачей оказать максимальную помощь вам, пострадавшим от паводков...



– Самое главное – это компенсация, и она будет выплачена. Более того, тем, кто потерял жилье, или нуждается в ремонте, будут выделены средства. Кто захочет переселиться в квартиры, будем покупать и выдавать квартиры. Кто захочет остаться на месте, но оставаться в опасных местах ни в коем случае нельзя, тем людям мы будем строить типовые дома. Проект таких домов имеется. Эти дома будут строиться в массовом порядке в течение всего лета и до зимы. Я поставил задачу перед Правительством, чтобы в наступающие летние месяцы, а также осенью было развернуто строительство и полностью ликвидированы последствия бедствия...

Тасқынмен күрес

Қазір өңірлерде тасқыннан зардап шеккендерді баспанамен қамту жұмыстары жалғасып жатыр. Құрылыс жұмыстары аяқталған аймақтарда халықтың алды пәтер немес баспана кілтіне ие болды. Жөндеуге келетін үйлер қалыпқа келтірілді. Қазір Ақмола облысында 273 тұрғын үй салынып жатыр. Атбасар қаласында көп пәтерлі үйлер салынуда, онда қазан айында 165 отбасы қоныстануды жоспарлап отыр. Үш ауданда 108 жеке үй салынып жатыр. 143 отбасы үшін тұрғын үй сатып алынды. Облыста екі мектеп пен балабақша қалпына келтірілуде. Ақтөбе облысында 250 үй сатып алынды, тағы 88-і бір апта ішінде сатып алынады. Өңірде 22 әлеуметтік нысанды қалпына келтіру қажет. Екі мектеп пен үш балабақша құрылысы жүріп жатыр. Атырау облысында зардап шеккен 2 663 үйдің 2 599-ы бойынша залалды өтеуге шарттар жасалған. Үш мектеп қалпына келтірілуде, бір мектеп қайта салынады. Батыс Қазақстан облысында 13 әлеуметтік нысан жөнделуде. 570 саяжай үйін зерттеу жалғасуда. Қостанай облысында 153 үй, Арқалық қаласында 50 пәтерлі үй салынып жатыр. Осылайша, тұрғын үй қоры бойынша барлық жұмыстар 1 қыркүйекке дейін аяқталады. Солтүстік Қазақстан облысында 620 үйдің құрылысы басталды. 100 үй беріліп, 391 отбасыға пәтер сатып алынды.

Тасқын салдарын жою жұмыстары

Ақмола облысы

273 тұрғын үй салынып жатыр

Атбасар - 165 отбасы баспаналы болады

3 ауданда - 108 жеке үй салынып жатыр

2 мектеп 1 балабақша қалпына келтіріледі

Батыс Қазақстан облысы

13 әлеуметтік нысан жөнделеді

570 саяжай үйі зерттеліп жатыр

Ақтөбе облысы

250 үй сатып алынды

22 нысан қалпына келтіріледі

2 мектеп 3 балабақша салынып жатыр

Қостанай облысы

153 үй салынып жатыр

Арқалық - 50 пәтерлі үйдің құрылысы жүріп жатыр

Атырау облысы

2 599 үйдің шығыны өтеледі

3 мектеп қалпына келтіріледі

1 мектеп салынады

Солтүстік Қазақстан облысы

620 үйдің құрылысы басталды

100 үй берілді

391 отбасыға пәтер берілді

Су тасқынынан зардап шеккен 33 мыңнан аса отбасы өтемақы алды

Тасқыннан зардап шеккен 33 мыңнан астам отбасы өтемақыға қол жеткізді. Бұл туралы бүгін Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкімет басшысы айтты. Олжас Бектенов әр отбасыға 300 мың теңге төленгенін мәлімдеді. Қазір тұрғын үйлерді қалпына келтіру жалғасып жатыр. Үш мыңнан астам отбасы жаңа баспанаға қоныстанды. Тағы 5800-ден астамы үйлерін жөндеу үшін тиісті өтемақы алған. Премьер-министр инженерлік инфрақұрылым мен жолдарға әжептәуір зақым келгенін атап өтті. Елде екі мыңнан астам электр қуаты бағанасы қирап, желінің 54 шақырымы үзілген. Қазір бүлінген инфрақұрылымның шамамен 40%-і ретке келтірілді. Қалғаны алдағы бірнеше айда жөнделеді. Олжас Бектенов, ҚР Премьер-министрі: - Бүгінде сегіз мыңнан аса тұрғын үй апатты деп танылған. Олар бойынша өтемақы төлеудің екі жолы қарастырылған. Соның бірі – екінші нарықтан дайын пәтер не үй сатып алу. Бұл мәселені тездетіп шешуге сеп болмақ. Алайда бұған бәрі бірдей келіспей отыр. Жаңа баспананы сұрап отырғандар бар. Қазір осы мәселе бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

Батыс Қазақстан облысы 70 млрд теңге жұмсайды

Батыс Қазақстан облысы көктемгі тасқын кезінде зиян шеккен тұрғындарды баспанамен қамтуға 70 миллиард теңге жұмсайды. Қазір қажетті қаржы мәселесі толықтай шешілген. Орал өңіріне барған вице-премьер Қанат Бозымбаев аудандарды аралап, құрылыс қарқынын көрді. Елімізде табиғи апатқа тап болған әрбір үшінші отбасы Орал өңірінде, жаңа құрылыстың жартысынан астамы да осында. Қазір Теректі, Қаратөбе, Сырым, Бөрлі аудандарында – 401, Орал қаласында – 374 тұрғын үй салынып жатыр. Вице-премьер Қанат Бозымбаев аудандарды аралап, Орал қаласындағы құрылыс қарқынымен танысты. Қаратөбе ауданы Қоржын ауылындағы үйлердің кестеден кешігіп жатқанын айтып, тиісті тапсырмалар берді. Құрылыс сапасы басты назарда болуы керектігін ескертті.

Қанат Бозымбаев, ҚР Премьер-министрінің орынбасары: - Әрине тәуекел көп. Бірақ біз апта сайын оны тексеріп жүреміз. Мен келем, Индустрия, құрылыс министрі келеді. Тиісті қаражат бар. Эрджи компаниясы 20 млрд теңге бөліп жатыр. Қалаға 9,5 млрд керек боп жатыр. Тиісті қаражат болады. Ең бастысы 32 мердігер компания кірісті. Келесі апта Үкімет қаулысы шығады. КПО ақшасын біразын осы облысқа аударамыз. Шамамен 25-30 млрд теңгеден. Сонда ғана 100 пайыз қаржымен қамтамасыз етеміз деп айтуға болады. Су басқан аймақтар арасында келген шығын көлемі жөнінен Орал өңірі көш бастайды. Тек қана тұрғындарды баспанамен қамтуға 70 миллиард теңге жұмсалмақ. Оның елеулі бөлігі Орал қаласының еншісінде. Облыс орталығында 14 мыңдай саяжайды су басса, соның 8 мыңнан астамында үй-жай бар екен. Бау-бақша серіктестіктеріндегі 3 мыңға жуық үй азаматтардың жалғыз баспанасы деп танылған. Күні бүгін соның 700-іне пәтер кілті тапсырылыпты. Бүгінде 15 отбасы қоныс тойын тойлады.

Марат Дәулетов, қала тұрғыны: - Алған үйім ұнады. Көңілге сыйды семьяма да бәріне. Президентке рахмет айтам. Осындай көмектесіп жатқандарына! Жақсылықта кездесе берейік. Қанат Бозымбаев, ҚР Премьер-министрінің орынбасары: - Су қазір ғана кетті. Сондықтан техникалық зерттеу бағалау жұмыстары баяу жүргізілді. Бірақ қазірдің өзінде 3 мыңға жуық саяжай жалғыз баспана екені анықталды. Сатып аламыз. Нарықта ол пәтерлер бар. Броньда тұр. Жаңадан салынған. Екінші нарықтан алатын боламыз жақсы сапасымен. Тиісті қаражаттарын қарастырып жатырмыз. Өңірде салынып жатқан тұрғын үйлерді 1 қыркүйекте тапсыру жоспарланған еді. Алайда бүгін премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев жанұялардың жаңа оқу жылына дейін жаңа қонысқа көшуі керек екендігін ескеріп, құрылысты тездетуді тапсырды.

Баспанасыз қалғандарға үй берілді

